



ЗАҢ мен ТӘРТІП – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокуратурада жиын өткізді. Мемлекет басшысы елімізде ауқымды өзгерістер жасалып жатқанын және алдымызда Конституциялық реформа жүргізу, мүлде жаңа саяси жүйеге қадам басу міндеті тұрғанын айтты. Сонымен қатар жаңа дәуірде барлық салаға цифрландыру мен жасанды интеллектті жаппай енгізу жұмысымен белсенді түрде айналысу қажет екенін атап өтті.

— Қоғамымызға, жалпы елімізге зан үстемдігі, тәртіп мықтылығы ауадай қажет. Кейбір шетелдерде болып жатқан қазіргі өте күрделі ахуалды көріп, бұл саясатымыздың дұрыстығына бәріміздің көзіміз жетіп отыр, оған ешқандай күмән жоқ. Заң мен тәртіп мемлекеттік саясатымыздың негізгі қағидаты ретінде қабылдануы керек, бұл қағидатты жана Конституциямызға міндетті түрде енгізу қажет деп санаймын. Себебі бұл ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын, өміршен қағидат екені даусыз. Бас прокуратураның осы саладағы рөлі аса маңызды. Прокуратура қызметкерінің занның бұзылуына бейтарап, селқос қарауға құқығы жоқ, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау жүйесін цифрландыру үдерісі біркелкі емес, яғни әр жерде әрқалай жүргізіліп жатқанына назар аударды.

— Әр мекеме цифрлық жүйесін өз бетімен дамытуда. Бұл шаруа жүйесіз жүргізіліп жатыр. Біртұтас жүйе жоқ. Мысалы,



кейбір органдар цифрлық тәсілдерді ұтымды қолданып жұмыс істеуде. Ал кейбірі дұрыс амал-тәсіл таба алмай, қыруар қаржы жұмсап жүр. Бұл, басқа сөзбен айтқанда, нағыз жымқыру. Сондықтан қаражатты орынсыз жұмсап, жана дүние жасаудың қажеті жоқ. Үкіметке қолданыстағы барлық цифрлық шешімдерді саралап, тексеріп, олардың тиімділігін арттыруды тапсырамын. Күштік құрылымдарға арналған түсінікті құрылымы бар және технологиялық стандарттары біркелкі бірыңғай цифрлық экожүйе жасалуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Президент азаматтардың дербес деректерін қорғау қажет екенін айтты.

— Ақпараттық кеңістікте азаматтардың дербес деректері жарияланып кеткені туралы хабар жиі шығып жатады.

Дербес деректерді барынша қорғау үшін бұл жұмыспен жүйелі түрде айналысу керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы киберкылмыспен күрес мәселесіне тоқталды.

— Әлемде киберкылмыс өршіп барады. Жыл сайын мыңдаған азаматымыз соның құрбаны болып жатыр. Қазір интернеттегі алаяқтық қылмыстардың бестен бірі ғана ашылады. Бұл — өте төмен көрсеткіш. Киберкылмыспен күрес тәсілдерін түбегейлі қайта қарау қажет. Цифрлық қатерге төтеп беру үшін құқық қорғау органдары бір қадам алда жүруге тиіс. Озық ойлап, артта қалмаудың амалын табу қажет, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев көші-кон үдерістерін жаппай цифрландыруды өте өзекті мәселе ретінде атады.

— Көші-кон үдерістерін жаппай цифрландыру керек. Бұл — өте өзекті мәселе. Баяғыдан бері талқылап жатырмыз, дұрыс, оң нәтиже аз. Қазір әлемде күрделі ахуал қалыптасып отыр. Дүниежүзінде кенауқымды көші-кон жүріп жатыр десек, қате болмайды. Қоныс аударғысы келетін шетелдіктер үшін Қазақстан — басқа елдерге өтуге де, тұрақтап қалуға да қолайлы мемлекет. Елге келген шетел азаматтарын уақтылы есепке алып, олардың жүріс-тұрысын бақылайтын техникалық құралдарды жетілдіру — аса маңызды міндет. Үкіметке Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, осы жұмысты тездетуді тапсырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент әлеуметтік желіде ақпарат таратуда заң талаптары ескерілуі қажет екенін айтты.

— Технологияның қарқынды дамуы ақпараттық кеңістіктің түбегейлі трансформациясына жол ашады. Қоғамды жікке бөліп, азаматтарды бір-біріне қарсы қоятын деструктивті ақпарат таратуға бейіл адамдар да бар. Мұның бәрі өшпенділікке бастайтын ешкімге қажетсіз, тіпті қауіпті пікірталасқа жалғасалы. Жасанды интеллектті осындай адамдар ақпараттық қаруға айналдырып, заңға қайшы келетін контенттерді көптеп тарата бастайды. Бұған жол беруге болмайды. Ондай әрекеттерге құқықтық баға беріп, жауапкершілікке тарту қажет. Азаматтарға деструктивті контентті таратудың құқықтық салдары жөнінде үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тәртіпсіздік пен зансыздыққа жол беруге болмайтынын атап өтті.

— Ұлттық құрылтай отырысында мен отаншылдық ұғымы туралы пікірімді айттым. Отаншылдық, бұл жай ұран емес, отаншылдық дегеніміз — қасиетті сезім, мұның әсіреуітшілікке еш қатысы жоқ. Қазақстанда біз отаншылдық ұғымына жауапкершілік және жасампаздық тұрғысынан қарауымыз керек, яғни отаншыл азамат ең алдымен жауапкершілігі жоғары және жасампаз азамат болуға тиіс. Отанға деген сүйіспеншілік саяси ұпай жинау немесе қызметтік мансап жасау емес, бұл — Отанына жақсылық жасау, еліне пайда әкелу деген сөз, — деді Президент.

Сонымен қатар жиында Бас прокурор Берік Асыллов, Премьер-министрдің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Президенттің көмекшісі Қуанышбек Есекеев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов сөз сөйледі.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Премьер-министр Нарендра Модига Үндістанның Республика күніне байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті құттықтауында Премьер-министрдің дана басшылығының арқасында Үндістан сенімді түрде алға қарай қадам басып, экономиканы дамытуда және азаматтардың тұрмыс сапасын арттыруда айтарлықтай табысқа жеткенін атап өткен.

Қасым-Жомарт Тоқаев Нарендра Модидің мемлекеттік қызметіне табыс, ал достас Үндістан халқына бақ-береке тіледі.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: ТРАНСФОРМАЦИЯ ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ

Астанада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның отырыстары жедел қарқынмен өтіп жатыр. Алғашқы басқосу 24 қаңтар күні өтсе, дүйсенбіде, қаңтардың 26-сы күні қатарынан екі отырыс өтті. Комиссия мүшелері Ата Заңға енгізілетін өзгерістерге қатысты ұсыныстарды тыңдап, талқыға салды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен құрылған комиссияға Конституциялық Соттың төрағасы Эльвира Әзімова жетекшілік етеді. Төраға орынбасарлары — Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин мен Премьер-министрдің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.

Алғашқы отырыста Комиссия және Конституциялық Соттың



төрағасы Эльвира Әзімова бір палаталы Парламент құру бастамасын Мемлекет басшысы 2025 жылдың 8 қыркүйегіндегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында көтергенін атап өтті.

— Мемлекет басшысы «Күшті Президент — ықпалды Парла-

мент — есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде елімізде бір палаталы Парламент құру бастамасын көтерді.

Өздеріңізге белгілі, Парламенттік реформаны әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы 2025 жылғы қазан айынан бастап белсенді жұмыс атқарды. Оның құрамына белгілі заңгерлер мен сарапшылар, саяси партиялар және қо-

ғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Осы уақыт аралығында жұмыс тобы барлық ұсынымдарды мұқият зерделеп, жүйеледі, сондай-ақ азаматтардан келіп түскен ұсыныстарды жан-жақты талдады.

Азаматтар өз ұсыныстарында тек бір палаталы Парламент мәселесін ғана көтерген жоқ. Осыған орай, Мемлекет басшысы Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құру туралы шешім қабылдады, — деді Ә.Әзімова. Ал Мемлекеттік кеңесші, комиссия төрағасының орынбасары Ерлан Қарин жана комиссия осыған дейін әрекет еткен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының занды жалғасы екенін тілге тиек етті. Мемлекеттік кеңесші Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының қызметіне тоқталды.

(Жалғасы 2-бетте)

ҒЫЛЫМ ҚАШАН МАҚТАНЫШҚА АЙНАЛАДЫ?

Президенттің 2026 жылды «Цифрландыру және ЖИ жылы» деп жариялауы ғылымның бағын ашуға тиіс. Science журналының жазуынша, әлемдегі ғылыми ашылымдардың 70 пайызға дейінгісі компьютерде, ғылыми бағдарламалық қамтылым арқылы жасалады екен. Мұның сыртында жасанды интеллектінің қарқынды дамуы медицинада, білім беруде, жалпы, ғылымның әр саласында серпінді дамудың тізбекті реакциясын туғызды. Әйткенмен, отандық ғылымда шешімін күткен проблема, орны толуға тиіс олқылық жетерлік.



ТАБЫС ӘКЕЛЕТІН ҒЫЛЫМ КЕРЕК

Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл салада реформа жалғасын тапты. Үкіметтің алдына ғылым, білім және инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстыру жүктелді. Себебі көбі қағаз жүзінде қалатын, архивтерді толтыратын

іргелі ғылыми ашылымдар мен патенттер толып жатыр. Ал коммерциаландырылатын, нақты өнімге айналатын, нарыққа жол тартатын, иесіне де, елге де мол табыс әкелетін қолданбалы ғылыми ашылымдар мен жобалар некен-саяқ.

(Жалғасы 4-бетте)

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ БЕЛГІЛЕНДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 29 қаңтарға жоспарланған Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі.

Атап айтканда, бюро мүшелері «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ОРЕС Халықаралық даму қоры арасындағы жеке сектордағы операцияларды ұйымдастыру туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» заңды палатаның алдағы отырысында қарау туралы қаулы қабылдады. Келісім ұзақмерзімді қаржыландыруға, инвестицияларды қорғауға және ынтымақтастықтың икемді шарттарына кепілдік береді.

Бюро отырысында аталып өткендей, аталған заң арқылы ОРЕС Халықаралық Даму Қорының қарыздарын, кепілдіктерін және басқа да құралдарын алуға жәрдемдесу үшін тұрақты негіз құру арқылы Қазақстанның қаржылық ынтымақтастығы мен орнықты экономикалық дамуын ынталандыру көзделіп отыр.

Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылған келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне күзет қызметі, тұрғын үй қатынастары және құқық қорғау қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң. Занның негізгі мақсаты – күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілердің қызметін жетілдіру, қару иелеріне қойылатын талаптарды күшейту, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру тәртібін жетілдіру. Сондай-ақ заңды шамадан тыс нақтылайтын нормаларды алып тастау және оларды Үкімет актілері деңгейіне ауыстыру қарастырылған.

Сонымен қатар сенаторлар бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдарды жұмыс үшін палатаның тұрақты комитеттеріне бөліп берді.



КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ РЕФОРМА: ТРАНСФОРМАЦИЯ ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

— Өздеріңіз жақсы білетіндей, өткен жылдың 8 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында бір палаталы Парламентке көшу туралы бастама көтерді. Мұны ел азаматтарының көпшілігі қолдады. Қазан айында Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты жүргізген зерттеуге сүйенсек, респонденттердің 70 пайызға жуығы осы идеяға қолдау білдірген.

Бір айдан кейін 8 қазанда Президент Өкімімен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына Парламенттегі саяси партия фракцияларының жетекшілері, белгілі заңгер-ғалымдар, сарапшылар мен қоғам белсенділері, Ұлттық құрылтай мүшелері енді, — деді Ерлан Қарин.

Оның айтуына қарағанда, Конституциялық реформаға қатысты 7 саяси партия, 16 қоғамдық ұйым өз ұсыныстарын жіберген. Азаматтар e-Otinish және eGov порталдары арқылы 600-ден астам ұсыныс жолдапты. 20 қараша мен 19 қаңтар аралығында жұмыс тобының 6 отырысы өткен. Соңғы жиынға қатысқан Мемлекет басшысы атқарылған жұмыстармен, ортақ ұстанымдармен танысты. Әрі Президент бұл ұстанымдарды қолдады.

Сонымен қатар Комиссия төрағасының орынбасары Ерлан Қарин 20 қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайда Президент айтқан ұсыныстарға жан-жақты тоқталды. Конституциялық реформалардың негізгі ережелерін талдады.

— Мемлекет басшысы: «Еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек», — деп нақты атап өтті. Шын мәнінде, жаңа кезеңде жаңа өкілеттікке және ерекше атауға ие болған Құрылтай қазақ жеріндегі парламентаризмнің тамыры тереңде жатқанын аңғартады, — деді Ерлан Қарин.

Сонымен бірге болашақта «Құрылтай» аталатын бір палаталы Парламенттің депутаттар санына, кандидатурға қойылатын талаптарға, сайлау жүйесіне тоқталды. Оны айтуынша, Құрылтай депутаттарының саны 145 болады, кандидаттарға қойылатын талап өзгермейді, толық пропорционалды сайлау жүйесі енгізіліп, депутаттардың өкілеттілік мерізімі 5 жыл болады.

Дегенмен Мемлекеттік кеңесші Конституциялық реформаға қатысты түпкілікті шешім Жалпыұлттық референдумда қабылданатынын атап өтті.

Ал Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ерлан Жиенбаев Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда айтылған бірқатар ұсыныстардың жай-жапсарын түсіндірді. Ол Вице-президент институтын енгізудің ерекшеліктерін атап өтті.

— Президент бірқатар елдерде бар Вице-президент институтын енгізуді ұсынды. Мемлекет басшысының өзі атап өткендей, біздің жағдайымызда бұл лауазымды енгізу мемлекетті басқару процесін тұрақтандырады. Сондай-ақ билік иерархиясын біржола айқындап береді, — деді Ерлан Жиенбаев.

Вице-президентті Құрылтайдың келісімімен Президент тағайындайды деп күтілуде. Онда да үміткер депутаттардың көпшілігінің қолдауына ие болуға тиіс. Ал Вице-президентті қызметінен Президент босатады.

Вице-президенттің құзыретіне Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастардағы мүдделерін білдіру, Құрылтаймен, Үкіметпен және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл барысында Президенттің атынан өкілдік ету кіреді.

— Вице-президент өкілді органның депутаты болмауға, өзге де ақылы лауазымдарды атқармауға және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмауға тиіс. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде Вице-президент саяси партияның мүшесі болмауға тиіс. Мұндай тәртіп саяси бәсекелестікті арттыруға және барлық партиялардың дамуы үшін тең жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған ұстанымға сәйкес келеді, — деп атап өтті Ерлан Жиенбаев.

Сонымен қатар ол Халық Кеңесін құру, құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттіктері мен қызметін ұйымдастыру мәселелеріне тоқталды. Оның айтуынша, Ұлттық құрылтайда Президент ұсынған бастамаға сәйкес құрылатын Халық Кеңесін жасақтауға қатысты құқықтық нормалар бөлек конституциялық заңмен айқындалғаны жөн.

— Халық Кеңесінің мәртебесін Конституцияда бекіту мақсатында онда жеке бөлім көздеу ұсынылады. Біріншіден, Халық Кеңесі Қазақстан Республикасы халқының мүдделерін білдіретін мемлекетіміздің жоғары консультативтік органы екендігі туралы норманы көздеу қажет. Құрамы Қазақстан Республикасы азаматтары қатарынан Мемлекет басшысы тарапынан қалыптастырылатындығын қамту керек. Сондай-ақ Халық Кеңесінің мемлекеттің ішкі

саясатының негізгі бағыттары бойынша қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлікті және ынтымақтастықты нығайтуға, мемлекет қызметінің қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілетуге қатысты ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу жөніндегі негізгі өкілеттіктерін регламенттеу қажет. Сонымен қатар Президент Халық Кеңесі заң шығаруға бастамашылық ету құқығына ие болуы қажеттігін атап өтті. Бұл да Конституцияда бекітілуге тиіс. Халық Кеңесінің құрылу, құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттіктері мен қызметін ұйымдастыру мәселелері бөлек конституциялық заңмен айқындалатын болады. Халық Кеңесінің жоғарғы органы жылына кемінде бір рет шақырылатын Сессия болады. Осылайша, Халық Кеңесі Қазақстан халқы Ассамблеясы және Ұлттық құрылтай тәрізді тұрақты жұмыс істейтін орган болмайды, — деді Ержан Жиенбаев.

Жалпы, Комиссияның алғашқы отырысында көптеген ұсыныс айтылды. Айталық, Парламент Мәжілісінің депутаты Үнзила Шапақұттық мемлекетті нығайту және республиканың идеологиялық бағытын айқындау үшін Конституцияның преамбуласын қанартуды ұсына, тағы бір депутат Марат Башимов алдағы болатын қайта құрулардың саяси тұрақтылықты нығайтуға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталғанына тоқталды. Қазақстан заңгерлер одағының төрағасы Серік

туциялық қорғауды күшейтуді, Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев жекелеген аумақтар үшін арнайы құқықтық режимдерді конституциялық тұрғыдан бекітуді ұсынды.

Комиссияның екінші отырысында Конституциялық реформаға байланысты келіп түскен ұсыныстар талқыланды. Тікелей эфирден көрсетілген іс-шара ашықтық пен жариялылық қағидаттарына негізделді.

Отырыстың модераторы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының төрайымы Эльвира Әзімова комиссияға 2 мыңнан астам ұсыныс келіп түскенін, олардың барлығы біртұтас Жинақталған кестеге топтастырылғанын атап өтті. Ал азаматтар мен сарапшылардың белсенді қатысуы конституциялық өзгерістердің қоғамдық маңызын және реформаға деген жоғары қызығушылықты көрсететінін айтты.

— Мұндай диалог форматы реформаның негізгі қағидатын көрсетеді: Конституциялық реформа ең алдымен халықтың мүддесі үшін және оның тікелей қатысуымен жүргізіледі, — деді Эльвира Әзімова.

Отырыс аясында Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевтың, Сенат депутаты Нұрлан Бекназаровтың және Мәжіліс депутаты Снежанна Имашеваның баяндамалары тыңдалды.

Өз сөзінде Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев Конституцияға бірқатар негізгі өзгеріс енгізуді ұсынды. Министр Үкіметтің, Конституциялық Соттың, прокуратура және сот билігі органдарының жекелеген функцияларын, құқық қорғау тетіктерін,



Ақылбай Конституцияда дінді мемлекеттен бөлу туралы тікелей норманы бекіту қажет деп санайтынын алға тартса, Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Мәди Мырзағараев азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайтуға бағытталған өз ұсыныстарын айтты. Ол өз баяндама-сында соттың санкциясынысз қамауда ұстау мерзімін 72 сағаттан 48 сағатқа дейін қысқарту қажет екенін алға тартты.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев әмбебап және барлығына бірдей: қарттар мен сәбилерге, ерлер мен әйелдерге, дінге сенушілер мен атеистерге қолданылатын іргелі адам құқықтарын бекіту қажеттілігін атап өтті. Оның пікірінше, негізгі бостандықтардың ішінде өзіне және жақындарына қарсы күәлік бермеу және өзінің кінәсіздігін дәлелдеу құқығын тікелей көрсету қажет.

Ал Парламент Мәжілісінің депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев Конституцияда тек ер мен әйел арасындағы некені бекітуді ұсынса, депутат Мұрат Әбенев Конституцияда зияткерлік меншік пен шығармашылық бостандықты қорғау туралы нормаларды бекітуді ұсынды. «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры, белгілі журналист Дихан Қамзабекұлы болса, білім беру және тәрбие жүйесіндегі зайыр-лыққа қағидаттарын нығайту мәселесін көтерсе, М.Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетінің басқарма төрағасы Талғат Нәрікбаев Конституциядағы терминологияның сәйкессіздігін жоюды ұсынды. Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары Жақып Асанов интернет алаяқтыққа қарсы тұру үшін конституциялық негіздерді нығай-туды, Парламент Мәжілісінің депутаты Азат Перуа-шев азаматтар мен бизнестің жеке меншігін консти-

жергілікті өзін-өзі басқаруды, жекелеген аумақтарда арнайы құқықтық режим белгілеу қағидаттарын, сондай-ақ Конституцияға өзгерістер мен толық-тырулар енгізу тәртібін регламенттейтін Консти-туцияның бөлімдері мен баптарына өзгерістер енгізу ұсынылатынын атап өтті.

Ал Нұрлан Бекназаров бір палаталы Парламентке өтуге байланысты қолданыстағы Конституцияның «Парламент» бөлімінің бірқатар баптарына оның құрылуы, сайлануы, құзыреті, өкілеттігі, заң қа-былдау процестері мен құрамына қатысты маңызды өзгерістер енгізу көзделгенін, бірқатар баптардың күші тұтастай алынып тасталғанын айтты.

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Снежанна Имашева бірінші отырыс қорытындысы бойынша дайындалған салыстырмалы кестені таныстырып, Преамбула мен 1-39 баптарды жүйелі түрде қарауды ұсынды.

— Конституцияның преамбуласы — бұл тек кіріспе емес, Негізгі Занның идеялық-моральдық өзегі, мақсатты айқындайтын және мемлекеттің даму бағытын белгілейтін негізгі бағдар, — деді Снежанна Имашева.

Одан кейін Конституцияның I және II бөлім-деріндегі нормалар талқыға салынды. Соның ішінде құқықтық және зайырлы мемлекет принциптерін бекіту, адам қадір-құқығын, өмір сүру құқығын, жеке еркіндік пен тұлғаның қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ жеке өмір мен жеке деректерді қорғау мәселелері сөз болды. Сонымен қатар конституциялық принцип-тердің нормативтік мәртебесін күшейту және олардың практикалық қолданылуын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар талқыланды.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия-ның үшінші отырысы да ұсыныстарды талқылауға

арналды. Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев Комиссия жұмысы қоғамның заманауи сұраныс-тарына жауап беретін Ата Занды дайындауға бағыт-талғанын атап өтті.

— Бүгінде біз қолданыстағы Негізгі Заңға түзе-тулер енгізу бойынша ғана емес, сонымен қатар Әділетті Қазақстанның сұраныстарына жауап беретін жаңа Конституциясын іс жүзінде қалыптастырып жатырмыз. Бұл — «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген билік архитектурасын жүйелі түрде қайта құру деген сөз. Ол бүкіл реформаның нақты логикасын айқындайды. Бүгінгі Конституциялық комиссияның жұмысы Парламенттік реформадан бастау алды. Өйткені конституциялық өзгерістердің үлкен бір бағыты Парламенттің болашағына байланысты. Барлық фракция жетекшілері, осындағы бір-ақ әріптестеріміз дәл сол Парламенттік реформаның жұмыс тобының қызметіне белсене атсалысты. Жарты жыл бойы болашақ Парламент құрылымы мен құзіреті төңірегінде нақты нормалар әзірлеп, ұсыныстар берді. Әр партияның саяси ұстанымы мен көзқарасы жұмыс тобында нақты көрініс тапты, — деді Елнұр Бейсенбаев.

Ол бір палаталы Парламентке көшу заң шы-ғару ісін жеделдетіп, саяси партиялардың рөлін күшейтетініне әрі депутаттардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыратынына назар аударды.

Ал Мәжіліс депутаты Асхат Рахымжанов ұсы-нылған өзгерістер формалды жаңғырту шеңберінен шығып, мемлекеттік басқарудың жаңа архитектурасын қалыптастыруға арналғанын атап өтті.

Мәжіліс депутаты Серік Егізбаев қоршаған ор-таны қорғау мәселесін Ата Заң арқылы міндеттеуді ұсынды.

— Сондай-ақ 31-бапқа азаматтардың табиғатты сақтау міндетін енгізіп, мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау мақсатын айқындауды, ал лауазымды тұлғалардың экологиялық деректерді жасырғаны үшін жауапкершілігін күшейтуді қажет деп санаймыз. 61-бап бойынша Құрылтайға қоршаған ортаны қорғау заңдарын реттеу құзіретін беру біздің экологиялық саясатымызға конституциялық күш береді деп білемін. Бұл ұсыныстар келер ұрпақ алдындағы біздің жауапкершілігімізді нақты айқындайды, — деді Серік Егізбаев.

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фрак-циясының мүшесі Айдос Сарым болашақта Құрылтай депутаттарының өкілеттілігі 1,5 есе артатынын айтты.

— Менінше, Конституцияның 53-бабы бола-шақ Құрылтайдың жұмысымен байланысты ең мазмұнды түбегейлі өзгерістерді көздейді. Бұл — қоғамымызға қажетті, қоғам бізден күтіп отырған өзгерістер. Бұл өзгерістер еліміздегі мемлекеттік басқару архитектурасы мен жүйесін байыпты түрде өзгертіп, тұрақтандырады, билік тармақтары арасындағы қажетті теңгерімді қамтамасыз етеді, өкілдік, атқарушы және сот билігі арасындағы тежеу мен теңгерім тұжырымын іске асырады. Ал салыстырмалы кестеде ұсынылған жаңа редакцияда, 23 тармақ бар екеніне назарларыңызды аударғым келеді, яғни өкілеттіктер көлемі бір жарым еседен астам арттады. Бұл жаңа өкілеттіктердің барлығы Жалпыұлттық референдумда мақұлданған жағдайда тиісті Конституциялық заңдар аясында нақтыланып, жүзеге асырылатын болады. Аталған өзгерістер түрлі қоғамдық алаңдарда бірнеше рет айтылып, жұмыс тобының отырыстарында жан-жақты талқыланды және Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрыл-тайда Мемлекет басшысының тарапынан тұжырым-дамалық тұрғыда қолдау тапты. Сондықтан бұл тұжырымдамалық өзгерістерді біз қолдаймыз, — деді Айдос Сарым.

Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ Комиссияның алғашқы екі отырысында айтылған ұсыныстардың құжат жобасынан көрініс тапқанына көңілі тола-тынын білдірді. «Преамбула мәтінінде «мәдениет және білім құндылықтарын, ғылым мен инновация жетістіктерін бағдарға ала отырып» деп жазылуы Конституцияның саяси-құқықтық және бағдар-ламалық құжат екенін дәйектей түседі. Осылайша, Конституция заңдармен ғана шектелмей, білімге, ғылымға, инновацияға, мәдениет пен ұлттық рухқа да бағдар беретіндей болуы керек. Білім мен ғылым — адам әлеуетін дамытуға, инновация — технологиялық тәуелсіздікті қамтамасыз етуге, мәдениет пен рух — халықты біріктіруге қызмет етеді», — деді Үнзила Шапақ.

Жалпы, алғанда Конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның алғашқы үш отырысы Ата Заңға енгізілетін өзгерістердің басым бөлігін талқыға салды. Комиссия төрағасы Эльвира Әзімова Комиссияның төртінші отырысында ұсыныстарды жоба мәтініне айналдыра отырып, қарастыруды ұсынды. Төртінші отырысы 28 қаңтарда өтеді.

Ардақ СҰЛТАН

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨТІНІШІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРДІ



«АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалының көшпелі мобильдік қоғамдық қабылдауы Кентау қаласына қарасты Қарнақ елді мекенінде жалғасын тапты. Қоғамдық қабылдау ауылдағы Urker мектебінің ғимаратында өткізіліп, оған облыстық және қалалық деңгейдегі басшылар, салалық мекемелердің өкілдері кеңінен тартылды. Атап өтуіміз керек, жекеменшік білім ұясында «Қарнақ» бастауыш партия ұйымы қызмет атқарып, тұрғындар көтерген мәселелердің шешім табуына ықпал етіп отыр.

Қоғамдық қабылдау кездесуінің түпкі мәнін түсіндірген «АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Полат Тұрсынбаев бұл іс-шара Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыру, сондай-ақ тұрғындардың өзекті мәселелерін жедел әрі тиімді шешу мақсатында ұйымдастырылып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ кездесуге Кентау қалалық мәслихатының төрағасы Қабылан Елеусізов, Кентау қаласы әкімінің орынбасары Бауыржан Әбенев, партияның Кентау қалалық филиалының төрағасы

Арман Басаров, қалалық мәслихат депутаты, «Қарнақ» бастауыш партия ұйымының төрағасы Бекзат Хабибов, қала әкімдігінің өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, құқық қорғау және бақылаушы органдар, коммуналдық қызметтер, банк және өзге де ұйым өкілдері қатысты.

Кездесу барысында Қарнақ елді мекенінде мәдениет үйінің құрылысы партияның сайлауалды бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқаны айтылды. Бұл жоба ауыл тұрғындарының көптен бергі талабына айналған мәдени-әлеуметтік сұранысын орындаудың нақты мысалы. Мәдениет

үйінің құрылыс жұмыстары партия өкілдерінің тұрақты бақылауына алынған және жобаның белгіленген мерзімде аяқталуына баса мән берілген.

Жиын барысында жауапты сала басшылары тұрғындардың сұрақтарына тікелей жауап беріп, әрбір мәселе заң аясында жан-жақты қаралды. Қабылдау кезінде азаматтар ауылшілік жолдарды жөндеу және асфальттау, электр желілері мен трансформаторларды жанарту мәселелерін қозғады. Ауызсу жүйелерін жөндеу, газ жүйелерін тарту, коммуналдық қызметтердің сапасына қатысты талап-тілектерін айтты. Жер қатынастары саласы бойынша өтініштерін білдіріп, егін шаруашылығы мен жайылым жерлерге қатысты сауалдар қойды. Тұрғын үй кезегіне тұру және ипотекалық бағдарламаларға қатысу, кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету, жастарды жұмыспен қамту мәселелерін жеткізді. Мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы орта құру, Қарнақ ауылы мен Түркістан қаласының арасында қоғамдық көлік қатынасын жолға қою, экологиялық мәселелерді көтерді. Сонымен қатар ауыл маңындағы инфрақұрылымдық жобаларға, инженерлік желілерді жол салумен қатар жүргізу қажеттігіне қатысты ұсыныстар да айтылды.

Көтерілген барлық мәселе бойынша жауапты мекемелердің өкілдері нақты түсіндірме беріп, мемлекеттік органдар қабылдаған жоспарлар мен жобалар жөнінде ықпалды мағлұматтар берілді. Қосымша қарауды талап ететін өтініштер тиісті органдардың бақылауына алынып, олардың орындалуы партия тарапынан қадағалауға алынды.

Тұрғындар мұндай көшпелі мобильдік қоғамдық қабылдаулардың тиімділігін атап өтіп, билік өкілдерімен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік бергені үшін «АМАНАТ» партиясына ризашылықтарын білдірді. Партияның облыстық филиалы халықпен ашық форматтағы кездесулерді алдағы уақытта өнтіріміздің барлық аймағында жүргізетін болады.

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Бадамша ауылында «АМАНАТ» партиясының «Құқықтық көмек» жобасы аясында қоғамдық қабылдау ұйымдастырылды. Іс-шара барысында ауыл тұрғындары өздерін толғандырған құқықтық мәселелер бойынша өтініштерін білдіріп, тиісті жауаптар алды.

АҚТӨБЕЛІКТЕРДІ ТОЛҒАНДЫРҒАН МӘСЕЛЕ



Қоғамдық қабылдау кезінде тұрғындардың күнделікті өмірде кездесетін әлеуметтік және инфрақұрылымдық түйткілдері назарға алынды. Атап айтқанда, аудан тұрғыны Болатбек Серғалиев Хромтау қаласы бағытына қарай мал айдауға арналған жол белгілерін орнату мәселесін көтерді. Жеке қосалқы шаруашылығы бар, жылқы ұстайтын азамат ретінде ол бұл мәселенің өзекті екенін атап өтті.

Сондай-ақ үйінде өрт шығуына байланысты қазір жалдамалы пәтерде тұрып жатқан Удод Лидия қалыптасқан жағдайға байланысты қандай әлеуметтік жеңілдіктер мен қолдау шараларын пайдалануға болатынын сұрады.

Іс-шараға аудан прокуроры Ернар Урекешов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Сидакін, жеке нотариус Ерлан Айтпаев, әлеуметтік бағдарламалар

бөлімінің басшысы Айгүл Бижанова, сондай-ақ аудандық мәслихат депутаттары қатысып, тұрғындардың сұрақтарына жауап берді.

Партияның облыстық қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі Майра Балқыбаева «Құқықтық көмек» партиялық жобасы тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, азаматтардың заңды мүдделерін қорғауға және қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталғанын атап өтті.

2025 жылы жоба аясында адвокаттар, нотариустар, медиаторлар және заңгерлердің қатысуымен 11 қоғамдық қабылдау өткізілді. Қабылдаулар барысында 270 азамат өтініш білдіріп, олардың 150-інің мәселесі оң шешімін тапты. Ал 120 өтініш бойынша қолданыстағы заңнама аясында тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді, — деді ол.

ФРАКЦИЯҒА ЖАҢА ЖЕТЕКШІ САЙЛАНДЫ

Шымкент қаласы мәслихатындағы «АМАНАТ» партиясы фракциясының отырысы өтті. Басқосуға «АМАНАТ» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Мұрат Жолдыхожаев, қалалық партия филиалы атқарушы хатшысының орынбасарлары Ербол Байқонысов пен Талғат Балтабаев, сондай-ақ фракция мүшелері қатысты. Бірқатар мәслихат депутаты жиынға онлайн форматта қосылды.



Отырыстың күн тәртібіне сәйкес фракция жетекшісін сайлау мәселесі қаралды. Бұл бойынша сөз алған Мұрат Жолдыхожаев фракцияның жаңа жетекшісі ретінде Талғат Балтабаевтың кандидатурасын ұсынды. Ұсыныс фракция мүшелері тарапынан

бірауыздан қолдау тауып, ашық дауыс беру арқылы қабылданды.

Мұрат Жолдыхожаев өз сөзінде бұл шешімнің партияның орталық аппаратымен келісіліп, жан-жақты сараланғанын атап өтті.

«Фракция жұмысы — партия саясатын жергілікті деңгейде нақты іске асыратын маңызды алаң. Сондықтан жетекшінің тәжірибесі мен жауапкершілігі шешуші рөл атқарады. Талғат Балтабаевтың бұл міндетті абыроймен атқаратынына сеніміміз мол. Алдағы жұмысына сәттілік тілеймін», — деді ол.

Өз кезегінде фракцияның жаңа жетекшісі Талғат Балтабаев көрсетілген сенім үшін партия басшылығына және әріптестеріне алғысын білдірді.

«Бұған дейін фракция жетекшісінің орынбасары ретінде жинаған тәжірибемді енді жаңа қызметте толық пайдалануға дайынмын. Алдымызда тұрған басты міндет — сайлауалды бағдарламаны орындалуын қатан бақылау, тұрғындардың мәселесін дер кезінде көтеріп, нақты шешімдерге қол жеткізу», — деді Талғат Балтабаев.

Сондай-ақ жиын барысында «АМАНАТ» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Мұрат Жолдыхожаев мәслихат депутаты, фракция мүшесі Алия Юсупованы партия Төрағасы Ерлан Қошановтың атынан «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен марапаттады. Бұл марапат депутаттың қоғамдық-саяси қызметтегі белсенділігі мен партия жұмысына қосқан үлесі үшін табысталды.

Фракция отырысында алдағы кезенге арналған жұмыс басымдықтары мен партиялық бақылауды күшейту мәселелері де назарға алынды.

АЗАМАТТЫҚ АЛУҒА КӨМЕКТЕСТІ

«АМАНАТ» партиясы 20 жыл бойы жеке басын қуәландыратын құжатсыз өмір сүрген маңғыстаулық тұрғынға Қазақстан азаматтығын алуға ықпал етті. Партияның облыстық филиалы жанындағы қабылдау бөлмесінде көтерілген мәселе құзырлы органдардың қатысуымен оң шешімін таба бастады.



«АМАНАТ» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының қоғамдық қабылдау алаңында мәслихат депутаты Абзал Марат тұрғындарды қабылдады. Онда азаматтардың басым бөлігі әлеуметтік қолдау, жұмыссыздық және денсаулық сақтау саласына қатысты мәселелермен жүгінді.

Солардың бірі — Маңғыстау облысының тұрғыны Жаңылсын Сүгіралиева. Ол 2005 жылы отбасымен бірге Түрікменстаннан Қазақстанға қоныс аударғанымен, осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасының азаматтығын ала алмаған. Соған қарамастан елімізде мектепте оқып, кейін тіпті колледжде білім алған. Алайда ол диплом алу кезінде кедергіге тап болды.

Тұрғынның өтінішінен кейін облыстық мәслихат депутаты Абзал Марат құзырлы органдармен байланысып, мәселенің оң шешілуіне ықпал етті. Қабылдау барысында азаматқа қажетті құжаттарды

рәсімдеу тәртібі бойынша кеңес беріліп, Маңғыстау облыстық Полиция департаментінің Көші-кон қызметі басқармасына жолданды. Нәтижесінде, көші-кон қызметінің мамандары тұрғынның өтінішін қабылдады.

«Бұл мәселені зерделей келе арнайы құзырлы органдарға және Түрікменстан елінің консулдығына барып, негізгі құжаттардың тізімін алдық. Қаңтарда көші-кон полициясына құжаттарды тапсырдық. Енді тұрғын заң аясында белгіленген мерзімде азаматтығын алады», — деді Абзал Марат.

Айта кетейік, былтыр «АМАНАТ» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының қабылдау бөлмесіне 3000-нан астам тұрғын жүгінген. Тұрғындар мәселесінің 50 пайызы оң шешім тапса, 47 пайызына түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Қалған мәселелер қаралу сатысында.

ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЕЛЕУЛІ ІСІ

«АМАНАТ» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты Маңғыстау облыстық филиалының еріктілері мен «Ассамблея жастары» өңірдегі медицина қызметкерлеріне қолдау көрсетіп, кондитерлік өнімдер таратты.

Бұл іс-шара соңғы кездері ауа райы салқындап, науқастар санының артуына байланысты күндіз-түні тынымсыз еңбек етіп жүрген медицина қызметкерлеріне алғыс білдіру мақсатында ұйымдастырылды. Акция барысында еріктілер аурухана ұжымына жылы лебізін айтып, ерінбей етіп жүрген еңбектеріне ризашылық білдірді.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен БҰҰ 2026 жылды «Халықаралық еріктілер жылы» деп жариялаған. Бүгінде маңғыстаулық жастар да волонтерлік мәдениетті дамытуға үлес қосып келеді.

«Ерікті болу үшін міндетті түрде бос уақыт пен қаражаттың болуы міндет емес. Бастысы — шынайы ниет пен жанашыр жүрек. Бүгінгі акцияға қатысқан жастар өз қолдарымен он түрлі тәтті



төрт пісіріп, медицина қызметкерлеріне тарту етті. Жұмыс көлемі артқанымен, маңғыстаулық дәрігерлер өз міндеттерін жоғары жауапкершілікпен атқарып келеді. Бұл — нағыз құрметке лайық еңбек», — деді «АМАНАТ» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанаты Маңғыс-

тау облыстық филиалының төрағасы Абзал Марат.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мейірім мен жанашырлықты насихаттайтын мұндай қайырымдылыққа бағытталған іс-шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасады.

Қазақстанда жасөспірімдердің қауіпсіздігін күшейту мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Цифрлық технологиялар өмірімізге терең енген сайын балалар мен жасөспірімдердің интернеттегі тағдырына қатысты алаңдаушылық та арта түсуде. Бұл мәселе Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда да айтылды.

— Әлеуметтік желілер бүгінде қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ықпалды саяси тетікке айналды. Қатарынан бірнеше елде наразылық науқандары, көшедегі жаппай мобилизация және күрт саяси өзгерістердің едәуір бөлігі онлайн-платформалар арқылы басталып, сол жерде үйлестірілгеніне куә болып отырмыз. Менің ойымша, бұл мәселе терең әрі жан-жақты талдауды қажет етеді. Мұнда әңгіме тек технологиялар жайында емес, идеология туралы, жастардың болашағы және түптеп келгенде ұлттық қауіпсіздігіміз жайында болып отыр, — деді Мәжіліс депутаты Сергей Пономарёв Ұлттық құрылтайда.

Депутат бұл мәселені жүйелі түрде пысықтау үшін Жасанды интеллект министрлігін тартуды ұсынып, кешенді талдау негізінде балалар мен жасөспірімдерді қорғауға бағытталған нақты шаралар әзірлеу қажет екенін атап өтті.

— Халықаралық тәжірибеге назар аударғым келеді. Кейбір елдерде 14 жасқа дейінгі, ал жекелеген мемлекеттерде тіпті 16 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік желілерге қолжетімділігі шектелген. Бұл тыйым — цифрлық дәуір жағдайында ойлау қабілетін, талдау дағдысын, тірі диалогты және кемел тұлғаның қалыптасуын қорғауға бағытталған қадам, — деді депутат.

Әлеуметті алаңдатқан мәселеге Премьер-министрдің орынбасары, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева да мән беретінін айтты. Оның пікірінше, Ұлттық құрылтай мүшелерінің бастамаларын ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнаманы жетілдіру жұмысы жалғасуда. Атап айтқанда, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік желілерге қол жеткізуді шектеу мәселесі қарастырылып жатыр. Мәдениет және ақпарат министрлігі онлайн платформалар мен масс-медиаға қатысты заңнамаға бірқатар өзгеріс пен түзету әзірлеген. Құжаттар тиісті сараптамадан өтіп, көпшілік талқылауына шығарылады.

— Пайдаланушылардың жасын тексеру механизмдері әзірленуде. Жауапкершілік шараларын қарастыруды жоспарлап отырмыз, — деді вице-премьер.

Жаңа заңнамалық бастамалар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және интернеттегі зиянды контенттен қорғауға бағытталған. Қоғамдық талқылау барысында тұрғындардың ұсыныстары мен пікірлері ескерілмек. Министрліктің түсіндіруінше, бұл шектеу тек әлеуметтік желілерге қатысты болады. Ал жедел

“ “ **Балалардың жасын қалай тексереді деген сұрақ та қоғамда қызу талқылануда. Бұл ретте Мәдениет және ақпарат министрлігі халықаралық тәжірибені, оның ішінде Аустралияның үлгісін зерделеп жатқанын хабарлады. Қоғамдық талқылаудан кейін жас ерекшелігін растау тетіктері, пайдаланушылардың деректерін тексеру және өзге де техникалық әрі ұйымдастырушылық механизмдер айқындалмақ.**

хабар алмасу сервистеріне, атап айтқанда, WhatsApp пен Telegram-ға аталған норма қолданылмайды. Сондай-ақ онлайн ойындар да бұл тізімге кірмейді.

Әзірге шектеу қойылуы мүмкін платформалардың нақты тізімі жарияланған жоқ. Дегенмен министрліктің мәліметінше, заң қабылданған жағдайда Қазақстан аумағында жұмыс істейтін барлық әлеуметтік желілер — TikTok, Instagram, Facebook, Threads, X (бұрынғы Twitter), VK секілді сервистер аталған талапқа бағынуы мүмкін.

Балалардың жасын қалай тексереді деген сұрақ та қоғамда қызу талқылануда. Бұл ретте Мәдениет және ақпарат министрлігі халықаралық тәжірибені, оның ішінде Аустралияның үлгісін зерделеп жатқанын хабарлады. Қоғамдық талқылаудан кейін жас ерекшелігін растау тетіктері, пайдаланушылардың деректерін тексеру және өзге де техникалық әрі ұйымдастырушылық механизмдер айқындалмақ.

ПСИХОЛОГ ПІКІРІ ҚАНДАЙ?

Бүгінде әлеуметтік желілер — қарым-қатынас құралы ғана емес, ықпал ету алаңы. Жасөспірімдер бұл ортада пайдалы ақпараттан қатар, зорлық-зомбылықты, агрессияны, буллингті, тіпті суицидке итермелейтін қауіпті контентті де кездестіріп жатады. Психологтардың айтуынша, жасөспірім психикасы мұндай ақпаратты сүзгіден өткізуге әрдайым дайын емес. Демек, мемлекеттің араласуы белгілі бір деңгейде орынды да сияқты.

— Баланың миы даму үстінде болғандықтан, олардың психологиясына әлеуметтік желі қатты әсер етеді. Жаксы тұстары да, кері әсері де бар. Бұл баланың

ЖЕЛІНІҢ ЖЕТЕГІНЕ ЕРМЕ, ЖЕТКІНШЕК!

А Көктем ҚАРҚЫН

Күніміздің көп бөлігі Әлеуметтік желіде өтетіні өтірік емес. Бірақ сол желіде «еңбектеген баладан, еңкейген қартқа» дейін отырады. Қым-қиғаш тіршілік. Біреу бір жастағы баласына парақша ашып, желіні цифрлы күнделігіне айналдырса, енді біреу тауар сатады. Ал TikTok – қаптаған трендтер мекені. Танымал адамдардың балалары да бұл жақта белсенді. Тіпті, буллингке ұшырағандары да бар. Жақында Мәдениет және ақпарат министрлігі 16 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік желілерді қолдануға тыйым салу туралы заң жобасын дайындады. Бұл ережеге қоғам қалай қарайды?

жасына, қарайтын контенттеріне байланысты. Бала әлеуметтік желіден тек әдемілікті, блогерлердің табысты өмірін көргендіктен, миы инфильтр қоя алмайды. Өзін желідегі мінсіз өмірмен салыстырады. Сәйкесінше, өзін-өзі бағалауы төмендейді. Екіншіден, лайк пен қысқа видеолар балаға тез дофамин береді. Соның әсерінен балада зейіннің тұрақтылығы мен оқуға деген ынта азаяды. Үшіншіден, эмоционалдық тұрақсыздық орнайды. Бала өзін бірдененен құр қалғандай сезінеді. Қарсы пікір, хейт келсе, оны көтере алмай ызак-орлық пен тұйықтыққа бет бұрады. Балалар барлығы әдемі, табысты болуы керек деген өмірдің өтірік бейнесіне сеніп қалады. Трендтерге еру арқылы ерте ержетеді. Ата-анамен ақылдасудан қашады, — дейді балалар психологы Сымбат Қожахметова.



Елнар КАБА (қолжаз)

Соның салдарынан балалардың зейіні әлсіреп, эмоционалдық тұрақсыздық, мазасыздық, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі жиі байқалады. Әсіресе, жасөспірімдер өз құндылығын сыртқы бағалаумен өлшеуге үйреніп, шынайы өмірмен байланысы әлсіреді.

— Онлайн буллинг — әлеуметтік желілердің ең қауіпті тұсы. Қорлау мен кемсіту тәулік бойы тоқтамайды, ал бала оны көбіне жасырып жүреді. Мұндай қысым ішкі күйзеліске, ұйқының бұзылуына, тұйықталуға әкелуі мүмкін. Сондықтан мәселе әлеуметтік желіні толық жоққа шығаруда емес, баланың психикасын қорғауда. Ал шектеуді қатан тыйым ретінде емес, қорғау шарасы ретінде түсіндіру маңызды. «Болмайды» деп емес, «неге бұл саған зиян» екенін түсіндіру керек. Диалог, түсіндіру және балама ұсыну — ең дұрыс жол. Бұл жерде ата-ана, мектеп және мемлекет тарапынан саналы түсіндіру мен балама дамыту жолдары қатар жүруі маңызды, — дейді Айгерім Джангулова.

ШЕКТЕУ ҚОЮ, МӘСЕЛЕНІ ШЕШПЕЙДІ

Иә, әлеуметтік желінің зияны да, пайдасы да бар. Желі арқылы танылып, шығармашылыққа бет бұрған балалар көп. Солардың бірі — 16 жастағы фудблогер Дулат Тантаев. Ол өскенде әлемнің №1 бас аспазы болғысы келеді. Жас блогер әлеуметтік желідегі аккаунтына түрлі тамақ жасап салады. Видеода тағамдарды қалай жасауға болатынын айтып, көрсетіп отырады. Дулатқа Instagram-да 2,1 миллион аккаунт жазылған. Жас аспаз 11 жасынан бастап тамақ істеп, оны әлеуметтік желілерге жариялап отырған. Алғаш видео түсіре бастағанда жазылушысы болмаған еді. Өзі «0 жазылушымен бастадым» дейді. Кейін трайфл десертін сатып, айфон алуға ақша жинаған екен.

Ал «Аека» есімімен танылған вайнер және актриса Аяна Бауыржанқызын көпшілік жаксы көреді. Instagram-да 344 мың оқырманы бар. Бала вайнерге әуел бастан жазылған адам оның белсенді, бір орында отырмайтын бала екенін біледі. Оған қоса, сөзден тосылмайтын, қашанда, қай жерде болса да сөз табатын бала дейміз. Ата-анасы Аеханың мұндай қасиеттерін өнер жолына бағыттап жіберген. Қазір ол фильмдерге түсіп жүр. Тіпті, ата-анасы Аянаны қолдау үшін Алматыға отбасымен көшіп келген.

Бұрынғы жайдарманшы Ғалым Махамбеттің ұлы Расул да, Қайрат Нұртастың қызы Алау да, Тұрсынбек Қабатовтың қыздары Әдемі мен Айрау да желіде аса танымал. Дегенмен Алау бір сұхбатында желіде жиі буллингке ұшырайтынын айтқан болатын. Кейін Оқу-ағарту министрлігі Балалардың

құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова Алауды интернеттегі буллингтен қорғауға алатынын хабарлады. Дегенмен желі қолданушылары ешкімді аямайды. Оларға сен кімнің қызы болсаң да, ізгілікке ұмтылсаң да жақпайсың. Бірақ бала санасының мұндай буллингке төтеп бере алмайтыны анық. Бұл мәселені былтыр Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов те айтқан болатын.

— Әлеуметтік желіні тым артық қолданудың балаларға зияны туралы зерттеулер бар. Оларда әлеуметтік желінің балалардың менталдық, психикалық және жалпы денсаулық жағдайына кері әсері туралы нақты деректер берілген. Соған орай, әлемде көптеген ел, мәселен, Франция 15 жасқа дейінгі балалардың әлеуметтік желіні пайдалануына тыйым салды. Мойындау керек, 3-5 жасар балаға TikTok қосып беру оның өміріне зиянын тигізеді. Сондықтан ата-аналар өзінің балаларының не көріп, не тұтынып жатқанын бақылауда ұстауы қажет. Әйтпесе, заңмен тыйым салудан оңайы жоқ. Бірақ ол нәтиже бермейді. Біз Қазақстанда мектеп оқушыларының сабақ уақытында смартфон қолдануына тыйым салатын норманы енгіздік. Расын айту керек, бұл норманы енгізу өте күрделі болды. Үлкен шу болды, ата-аналар қарсы болды. Дегенмен бұл тәртіп қабылданды, — деді Асхат Аймағамбетов.

Мәжіліс депутаты әлеуметтік желіде, жасанды интеллект те адамдар өміріне дендеп енгенін алға тартып, оған мүлде тыйым салу мүмкін емес екенін айтты. Ендігі шешім — оны реттеу, бақылау және басқару болуы керек.

— Қазір жасанды интеллектіні балалардың бәрі қолданады. Әрине, мұғалімдер де қолдана бастады, бірақ балалар олардан озып кетті. Басқа мемлекеттерде бұл мәселе бойынша нақты регламенттері, рәсімдері, академиялық адалдық саясаты бар. Біз оны бүгін қолданба деп тыя алмаймыз. Әлеуметтік желі бойынша да солай. Біз оны тек реттеуіміз, бақылауымыз және басқаруымыз керек. Ол үшін шындық пен өтірік қайсы екенін ажырата алу үшін сыни ойлауды үйретуге тиіспіз. Балалар контентті тануды және оны қолдана білуді, цифрлық әдеп мәселелерін үйренуі керек. Әлемнің көптеген елі реттеу тәртіптерін қабылдады. Біз де бұл істе кеш қалып қоймауымыз керек, — деді Мәжіліс депутаты.

Бұл пікірді дәрігер-психотерапевт Дәуренбек Құдаров та растады. Оның айтуынша, кез келген шектеудің жақсы да, жаман да жағы бар. Иә, балалалар зиянды контенттен, психологиялық жүктемеден тейтылса да, әлемдегі өзгерістер мен жалалықтан хабарсыз қалады. Қазір жасанды интеллект адамзат өмірінің бір бөлігіне айналып кетті. Сондықтан 16 жасқа дейінгі балаларды әлеуметтік

желіден тыю дұрыс емес. Керісінше, бұл процесті жүйелендіруіміз керек.

— Бала әлеуметтік желіде қауіпсіз, жасына сай контент тұртынуы қажет. Тиісінше, білімді де сол жерде толықтыруына жағдай жасауымыз қажет. Себебі балаға заң бойынша әлеуметтік желіге кіруге тыйым салсақ та, ол балама жолдар арқылы желіге тіркеліп алады. Яғни, VPN немесе ата-анасының атынан желіге тіркелуі мүмкін. Сондықтан балаларды желіден шектеудің қажеті жоқ. Бұл — эмоционалдық босқа қаржы шашу. Керісінше, жасына, қызығушылығына қарай, процеске ата-анасын қосып, әлеуметтік желідегі контентті жүйелеу керек, — дейді Дәуренбек Құдаров.

ЖЕЛІНІ ШЕКТЕУДІ ЕУРОПА БАСТАП КЕТТІ

Әлеуметтік желі тудырған мәселелер — әлемге ортақ тақырып. Былтыр Страсбург қаласында өткен көшпелі отырыс барысында Еуропалық парламент әлеуметтік желілерде тіркелудің ең төменгі жасын 16 жас деңгейінде белгілеуді ұсынған резолюция қабылдады.

Еуропарламент баяндамасында жастардың 97%-ы күн сайын интернет қолданатыны және 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің 78%-ы құрылғыларын кем дегенде бір сағат сайын тексеретіні айтылған.

Сонымен қатар көмелетке толмаған әрбір төртінші бала смартфонды «проблемалы» немесе «дисфункционалды» түрде пайдаланады, яғни тәуелділікке жақын мінез-құлық көрсетеді. Осыған байланысты еуропарламенттер интернеттегі көмелетке толмағандардың физикалық және психикалық денсаулығына төнетін қауіптерге алаңдаушылық білдіреді, өйткені олардың 25%-ы смартфонды шектен тыс қолданады. Олар ЕО-ның цифрлық ережелерін қатан сақтауға, заңға бағынбаған платформаларға айыппұлдар мен тыйымдар енгізуді талап етеді.

Ал Аустралия — 16 жасқа дейінгі балалардың TikTok, YouTube, Instagram және Facebook сияқты платформаларға қолжетімділігін шектеп, жасөспірімдердің әлеуметтік желілерді пайдалануына тыйым салған алғашқы ел. Жаңа заңға сәйкес, ең ірі он платформаға балаларға түнгі сағат 12-ден бастап қолжетімділікті блоктау міндеттелді, әйтпесе олар 49,5 миллион аустралиялық долларға дейін (шамамен 33 миллион АҚШ доллары) айыппұл төлеуі мүмкін. Бұл заң ірі технологиялық компаниялар мен сөз бостандығын қорғаушылар тарапынан сыңға ұшырағанымен, ата-аналар мен балалар құқығын қорғаушылардың қолдауын тапты.

Премьер-министр Энтони Албанезе «бұл күнді «отбасылар үшін маңызды күн» деп атады және заңды саясаткерлердің онлайн-катерлерге қарсы әрекет ете алатынының дәлелі ретінде көрсетті, өйткені дәстүрлі қорғау шаралары бұл қауіптерге қарсы жеткіліксіз болып қалды.

Ал Франция президенті Эммануэль Макрон 15 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желілерді пайдалануына тыйым салуды жедел енгізу ниеті бар екенін мәлімдеді. Бұл туралы Euronews хабарлады. Заң жобасы былтыр қыркүйектен бастап жүзеге асты.

Бастаманың негізгі мақсаты — балалар мен жасөспірімдерді цифрлық платформалардың «зиянды ықпалынан» қорғау.

Франция басшысының бұл шешімі Ұлыбритания үкіметі жасөспірімдердің әлеуметтік желілерді пайдалануын шектеу мүмкіндігін қарастырып жатқанын мәлімдегеннен бірнеше күн өткен соң қабылданды. Бұл шаралар балаларды зиянды контенттен қорғау және экран алдында шамадан тыс уақыт өткізудің алдын алу үшін ұсынылған.

Азық-түлік қауіпсіздігі, қоршаған орта және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі ұлттық агенттіктің (A.N.S.E.S) деректеріне сәйкес, Франциядағы әрбір екінші жасөспірім смартфонды күніне 2-5 сағат аралығында пайдаланады. 12-17 жас аралығындағы жастардың шамамен 90 пайызы интернетке күн сайын смартфон арқылы кірсе, 58 пайызы әлеуметтік желілерді тұрақты қолданады.

Баяндамада әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдаланудың теріс салдары атап өтілген. Олардың қатарында өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, өз-өзіне зиян келтіру, есірткі қолдану және суицидке қатысты қауіпті контентке тап болу қауіпін артуды бар. Бірқатар француз отбасы жасөспірімдер арасындағы қайғылы оқиғалардан кейін TikTok платформасына қарсы шағым түсірген. Олардың пікірінше, бұл жағдайлар қауіпті контентпен байланысты.

Айта кету керек, Америкада әлеуметтік желіге 13 жастан кіруге рұқсат береді, бірақ ата-ананың келісімі қажет. Ал Қытайда желіге 13 жасқа дейін тіркелуге болмайды. Оңтүстік Кореяда 16 жасқа дейін онлайн ойын мен кейбір әлеуметтік желілерге кіру шектелген, уақыттық лимит бар. Енді бұл тізімге Қазақстан да қосылуы мүмкін.

ҚҰРЫЛТАЙ

27 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН ӨҢІРЛІК ТЕҢГЕРІМ – ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ӨЗЕГІ



Соңғы жылдары Қазақстанда экономикалық өсіммен қатар, өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық алшақтық та айқын сезіле бастады. Ірі қалалар мен шет аймақтар арасындағы өмір сапасындағы айырмашылық, инфрақұрылымның тең дәрежеде дамымауы, білім мен медицинаға қолжетімділіктің әрқелкілігі — бұл мәселелер қоғамда әділеттілік туралы орынды сұрақтар туындатауда.

Осы тұрғыдан алғанда, Ұлттық Құрылтай алаңында өңірлік саясатқа жаңа көзқарас қалыптастыру, жергілікті жерлердің әлеуетін толық іске қосу мәселесінің көтерілуі — уақыт талабынан туған шешім. Әсіресе, аймақтардың экономикалық дербестігін арттыру, жергілікті бастамаларды қолдау, ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған нақты тетіктердің ұсынылуы маңызды қадам болып отыр.

Әлеуметтік әділеттілік тек табысты қайта бөлу немесе жекелеген төлемдермен

Ұлттық Құрылтай отырысы ел дамуының жаңа кезеңінде қоғамды толғандырып жүрген бірқатар түйткілді мәселені ашық әрі жүйелі түрде талқылауға мүмкіндік берді. Мемлекет басшысы көтерген бастамалар мен ұсыныстардың өзегінде бір ғана мақсат айқын аңғарылады — әлеуметтік әділеттілікке негізделген, өңірлердің тең дамуын қамтамасыз ететін тиімді мемлекет қалыптастыру.

шектелмейді. Ол азаматтың қай өңірде өмір сүретініне қарамастан, тең мүмкіндікке ие болуы. Сапалы білім, қолжетімді медицина, қауіпсіз орта мен тұрақты жұмыс орындары — мемлекеттің әрбір азаматына бірдей ұсынылуға тиіс базалық құндылықтар.

Ұлттық Құрылтайда қозғалған тағы бір маңызды мәселе — қоғамдық диалог пен кері байланыстың сапасын арттыру. Мемлекеттік шешімдер халықтың нақты сұранысына сүйенгенде ғана тиімді болады. Бұл ретте азаматтық қоғам институттарының, сарапшылардың және жергілікті қауымдастықтардың рөлін күшейту — әлеуметтік сенімді нығайтудың басты алғышарты.

Құрылтай форматының өзі — қоғам мен билік арасындағы ашық диалогтың жаңа мәдениетін қалыптастыруға бағытталғанын көрсетеді. Мұндай аландар тек пікір алмасу емес, нақты шешімдер мен ұзақмерзімді саясаттың негізін қалауға тиіс.

Президент ұсынған өзгерістер — қоғамның әділетті, орнықты және есеп беретін мемлекеттік басқаруға деген нақты сұранысынан туындаған, елдің саяси жаңғыруындағы логикалық әрі уақытылы кезең.

Парламенттің жарияланған форматы өкілділікті күшейтіп, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде қабылданатын шешімдердің сапасын арттырады. Вице-президент институтының енгізілуі жоғары мемлекеттік билік жүйесінде сабақтас-

тықты, тұрақтылықты және жауапкершілікті нығайтатын қосымша тетік қалыптастырады, бұл жаһандық сын-көтерлер жағдайында айрықша маңызды.

Халық Кеңесін құру бастамасының мәні ерекше. Бұл — мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты институционалдық тұрғыда бекітуге, азаматтардың стратегиялық шешімдерді әзірлеуге қатысуын кеңейтуге және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нығайтуға бағытталған нақты қадам.

Жалпы алғанда, Құрылтайда айтылған бастамалар Президенттің жүйелі реформалар жүргізу, мемлекеттік егемендікті күшейту, саяси жауапкершілік пен ұлт бірлігін нығайту бағытындағы берік ұстанымын айқын көрсетеді. Бұл — бірреттік шаралар емес, ұзақмерзімді даму мен азаматтардың сеніміне негізделген Жаңа Қазақстанның тұтас архитектурасының ажырамас бөлігі.

Қорытындылай келе, Ұлттық Құрылтайда көтерілген әлеуметтік әділеттілік пен өңірлік теңгерім мәселелері — елдің тұрақты дамуы үшін стратегиялық маңызға ие. Бұл бағыттағы жүйелі саясат Қазақстанды тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік тұрғыдан да қуатты мемлекетке айналдыруға жол ашады.

Әділетті қоғам — бір күнде құрылмайды. Бірақ дәл осындай мазмұнды диалог пен жауапты шешімдер арқылы оған сенімді қадам жасауға болады.

Амангелді НҰҒМАНОВ,
Парламент Сенатының депутаты

ҰЛЫ МҰРАТТАРҒА БАСТАҒАН РЕФОРМА

Өткен Құрылтайдың шын мәнінде тарихи мәні зор. Бұл елдің келешегін айқындаған келелі отырыс болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықтың көкейінде жүрген ең өзекті мәселелерге жауап беріп қана қоймай, ел дамуының басым бағыттарын — қоғамдық-саяси жаңғыру, экономиканы әртарапандыру, әлеуметтік әділдік пен заң үстемдігін нығайту мәселелеріне жан-жақты тоқталды. Әсіресе, мемлекеттік басқару жүйесінде болатын ауқымды трансформация жайлы терең толғады.

Қасым-Жомарт Тоқаев президенттік лауазымға кіріскен сәттен бері ауқымды реформаларды қолға алды. Оның жемісін көріп те келеміз. Бұл бастамалардың өзегінде әділдік идеясы жатыр.

Біздің түпкі мақсатымыз — әділетті, өркеніетті, мықты әрі қауіпсіз мемлекет құру. Қызылордада көтерілген бастамалар — осы ұлы мұрат жолындағы ірі, бетбұрысты қадамдардың жалғасы.

Негізгі екпін билік институттары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға беріліп отыр.

Мемлекет басшысының «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласын одан әрі күшейтуге ерекше мән берілуде. Бір палаталы Парламент — соның айқын дәлелі. Ал оның болашақ атауын «Құрылтай» деп ұсынуы ұлттық болмысымыз бен ұлттық кодымызды қайта жаңғыртумен тең. Ғасырлар бойы дала демократиясының өзегі болған Құрылтайдың қайта түлеуі деп санаймын.

Алда көп жұмыс күтіп тұр. Ата Занымызға үлкен өзгеріс енгізіп, іргелі реформаларды іске асырамыз. Бұл тарихи кезеңнің бастауы. Депутат ретінде біз осы жұмыстың алдыңғы шебінде жүруге міндеттіміз. Елдігімізді нығайтуға, егемендігімізді тұғырлы етуге бағыттал-



Дәулет ТҰРЛЫХАНОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты

ҚҰРЫЛТАЙ – САЯСИ ЖҮЙЕНІҢ НАҚТЫ ДЕМОКРАТИЯЛАНУЫ



Бұл реформа Парламенттің заң шығару қызметін де түбегейлі өзгертеді: ендігі жерде заң жобалары үш кезеңнен тұратын жаңа процедураның — алдымен жалпы мақұлдау, сосын өзгерістерді бекіту және соңғы кезеңде қабылдау арқылы өтпек. Мұндай тәсіл қабылданатын заңдардың сапасын арттырып, әрбір норманың жан-жақты сарапталуын қамтамасыз етеді. Осылайша, Парламент қызметін қайта құру арқылы мемлекеттің институционалдық тұғыры нығайып, «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзі еліміздің саяси жүйесін түбегейлі трансформациялаудың жаңа бағдаршамына айналды. Бұл баяндама жай ғана өзгерістер емес, Қазақстанның мемлекеттік құрылымының сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілуін айқындап берді. Реформаның өзегі – Парламенттің рөлін күшейту және оны халықтық биліктің шынайы институтына айналдыру. Бір палаталы Парламентке көшу және оны халқымыздың төл тарихындағы қастерлі ұғым – «Құрылтай» деп атау туралы ұсыныс, билік пен қоғамның арасындағы алтын көпірді қайта қалпына келтіреді.

қағидатына негізделген орнықты саяси жүйе толыққанды қалыптасады.

Парламенттік реформаның тағы бір маңызды қыры — депутаттық корпусың жасакталу принципі. Президенттің өз квотасынан және Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасынан бас тартуы мемлекетті демократияландыру жолындағы теңдессіз ерік-жігердің көрінісі болып табылады. Ендігі кезекте депутаттар тек қана бәсекелестік негізде, ортақ тәртіппен сайланады. Бұл ретте мандат санының 145-ке дейін онтайлануы мен комитеттер санының сегізден аспауы — Парламенттің кәсібилігі мен жеделдігін арттыруға бағытталған нақты қадам.

Реформа заң шығарушы органға мемлекеттік маңызды құрылымдарды бақылау қузыретін де береді: Конституциялық сот, Жоғары аудиторлық палата мен Орталық сайлау комиссиясы мүшелерін тағайындау, тіпті Жоғарғы сот судьяларын сайлау енді

тек Парламенттің келісімімен жүзеге асырылады. Бұл «тепе-теңдік пен тежемелік» жүйесін нақты іске қосып, Парламенттің саяси салмағын арттыра түседі. Сонымен қатар Вице-президент институтының енгізілуі мен Қазақстанның Халық Кеңесін құрылуы билік иерархиясын тұрақтандырып, халық пен билік арасындағы диалогтың жаңа трибунасына айналмақ.

Бұл ауқымды реформалар жиынтығы, шын мәнінде, жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам. Біз Әділетті Қазақстанның іргетасын бірге қалап, мемлекеттіліктің жаңа деңгейіне қадам басып отырмыз. Сондықтан бұл стратегиялық бастамалардың ел игілігіне қызмет ететініне кәміл сенемін.

Мейіргүл ЖЕТПІСБАЕВА,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы, филология ғылымдарының докторы

ҚҰРЫЛТАЙ ҚОҒАМДЫ ОРТАҚ МАҚСАТҚА ЖҰМЫЛДЫРАДЫ

Ұлттық Құрылтай – еліміздегі реформаларды тиімді жүзеге асыру жолдары қарастырылып, елдегі түрлі мәселені шешудің тетіктері ұсынылатын, сондай-ақ халық пен билік арасында алтын көпір қызметін атқаратын маңызды платформа. Сол үшін халқымыздың Құрылтайдан көп өзгеріс күтуі заңды әрі табиғи.

Бұл Құрылтайда да еліміздің даму стратегиясы негізгі нысанаға алынып, ұлттық мүдде, бірлік пен жауапкершілік тұрғысынан сарапқа салынды. Ұлттық құндылықтарды қастерлеу, мемлекетшілдік сананы сіңіру, қоғамдағы әрбір азаматтың белсенділігін арттыру, сол арқылы еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына әсер ету мәселелері қарастырылды.

Бұл орайда Құрылтай халық пен мемлекеттің бір арнада тоғысатын ортақ кеңістігіне айналды десем, артық айтқандық емес. Мұнда айтылған әр пікір, әр ұсыныс еліміздің дамуына нақты қадам болады деп есептеймін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Ұлттық Құрылтай ел тарихында қалады. Біз аз ғана уақыт ішінде ауқымды жұмыс атқардық. Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның іргесін бірге қаладық. Сіздер еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани болмысын өзгерту жолында зор еңбек еттіңіздер. Мемлекеттігімізді нығайтуға елеулі үлес қостыңыздар. Алдағы уақытта да біз бірге ел игілігіне қызмет етеміз деп сенемін» деген пікірі алда әлі де көп әрі маңызды жұмыстың күтіп тұрғанын білдіреді. Өйткені Мемлекет басшысы Құрылтайда қазіргі кейбір қиындықтан жалтарып немесе табысқа тоқмейілісіп отыруға қақымыз да жоқ, уақытымыз да жоқ екенін айтты.

Тағы да ең маңызды жаңалықтың бірі – Парламент атауын халқымыздың ұлттық



санасында өзіндік орны бар ұғымдардың бірі, атына заты сай «Құрылтай» атауына ауыстыру идеясы. Біз бұл идеяны қолдаймыз.

Жалпы алғанда, Құрылтай жүктеген міндеттерді біз береке мен бірлігімізге, білім мен білігімізге сүйеніп атқарамыз деп ойлаймын. Өйткені Құрылтай сынды тағылымды жиындар қоғамымыздың әрбір мүшесінің бойында сенімділік оятып, қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдырады. Еліміздің бейбіт өмірі мен баянды болашағы үшін қызмет етуге жазсын!

Ұлықбек ТҰМАШИНОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты

РУХЫМЫЗДЫ ТЕРБЕТКЕН ЖИЫН

Ақ күріштің отаны саналған Қызылорданың төрінде өткен Құрылтайда бұған дейін өткен төрт Құрылтайдағы айтылған ұсыныстардың орындалу нәтижелеріне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір шолу жасап барып, негізгі бағдарларға тоқталды.



Қызылордадағы Құрылтайдан жұртшылық көп жаңалық күтті. Ең бастысы, Конституцияға енетін өзгерістерді біліміз келетінімізді жасыра алмаймыз, оның ішінде бір палаталы Парламент мәселесін әрине асыға күттік. 2022 жылғы Бүкілхалықтық референдумда Конституциямыздың 33-бабы жаңарды, оған дауыс бердік. Енді уақыт бір орында тұрмайды, әлемде геосаяси жағдай тұрақсыз, сондықтан елдің қарқындап дамып, тәуелсіздігімізге нұқсан келмей, нығая түсуі үшін заң шығарушы биліктегі депутаттарымыздың саяси жігерлігі, жан-жақты мықтылығы, біліктілігі, тәжірибелі болуы қажет екеніне көз жетті.

Ата Заңға енетін өзгерістердің ауқымы кендігін ескере отырып Мемлекет басшысы Конституциялық комиссия, Халықтық кеңес құру туралы Жарлық шығаратынын мәлімдеді. Мемлекет басшысы комиссия жұмысының қорытындысы бойынша бүкілхалықтық референдум өту уақытын белгілейтінін айтты.

Тиімді өзгерістер әр кезде дамудың кілті. Саяси жүйенің жаңғыруы, мемлекет мүддесін қорғайтын, халықтың қамын ойлайтын әділ билік, баршаға бірдей тең көзқарас қашанда тұрақтылықтың арқауы. Мемлекет басшысының Құрылтайда Конституциямызға әділетті Қазақстанды ең жоғары мақсат тұтып, оған жетуді енгізу туралы акцент беруі шынайы патриотизмнің көрінісі. Халық бағзы заманнан-ақ ашы да болса шындықты етіне жақын санайды.

Мемлекет басшысы сөзінің бірден-бір өзіме ой салған тұсы патриотизм мәселесі

болды. Патриотизм туралы көп айтуға болады, оның тірелер тұсы, қане? Кешегі кеңес дәуірінде ұрандатқан жалаң патриотизм болды, оны бәріміз мойындаймыз. Ол кезде де отанышылдық, елжандылық, мәдени ортаға, туған жерге сүйіспеншілік терминдері болды, бірақ олар интернационализммен астарласып жатты, еңбек адамын қадірлеу де болды, еңбек адамдары Жоғары Кеңесте де отырды, бірақ одан пайда шамалы еді. Маманның аты маман, «шымшық сойса да, қаспашы сойсын» деген. Патриотизм бүгінде жаңа сипатқа ие болуда, адамгершілік, патриоттық сананы қалыптастыру, бойындағы ақыл мен білімді ел игілігіне жұмсау. Бүгінде патриотизм психологиялық саяси-әлеуметтік ортада қалыптасатын құбылыс — терең сана. Сондықтан өскен ортасы қандай екен деп сұрап жататыны қазақтың жайы емес. Әсіресе, жасанды интеллект дамыған дәуірде әрбір қазақстандықтың жүрек дүрсілінің Отан деп соғуы — алынбайтын қамал, көшпейтін бак. Қазақстандық бірлік пен межелі тірліктің үндестік табуы — патриоттық иммунитеттің мықтылығында.

Ал Мемлекет басшысының Құрылтайда Парламентті «Құрылтай» деп атауды ұсынуы руханиятқа деген құрметтің биігі, елжандылықтың сұлтаны болды.

Қалыма ЖАНТӨРЕЕВА,
«АМАНАТ» партиясы
Түркістан облыстық филиалы
Атқарушы хатшысының орынбасары

ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС

Қысқы маусым кірісімен алматылықтар ең алдымен «Шымбұлаққа» ағылады. Тіпті мұнда әлемнің әр нүктесінен келетін туристер де ат басын бұрмай кетпейді. Иә, Алатаудың бөктерінде алаңсыз сырғанау кімге де болсын жайлы демалыс сыйлары анық. Десек те, кейінгі уақытта демалушылар арасында курорттың қызмет көрсету құнына қатысты шағымдар жиі айтылып жүр. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бұл орын көбіне туристер мен қалталы азаматтарға арналғандай әсер қалдырады.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

«БІР КЕШКІ СЕАНСКА 40-45 МЫҢ ТЕҢГЕ ЖҰМСАДЫМ»

Алматы қаласының тұрғыны Ақыл Ғалымзат кейінгі екі жылдан бері Шымбұлаққа барып сноуборд тебуді әдетке айналдырған. Соңғы рет мұнда желтоқсан айында, сағат 19.00-23.00 арасындағы сеансқа келген. Оның айтуынша, бір кешкі сеансқа жұмсалған шығын көлемі шамамен 40-45 мың теңгеге жеткен. Бұл сомаға скипасс, аспалы жол, жабдықтарды жалға алу, жол шығыны мен тамактану бағасы кіреді. Тұрақты демалушы өзі барған уақытта аспалы жолды пайдалану құны 10 500 теңге болса, кейіннен оның бағасы шамамен 21 мың теңгеге дейін өскенін атап өтті.

— «Шымбұлаққа» әр маусым сайын кемі 2 рет баруға тырысамын. Мүмкіндігінше, курорт аумағында тамактанбауды жөн көремін. Тауға көтерілер алдында немесе қайтар жолда төменде орналасқан тамактану орындарынан ас ішемін. Себебі тау үстінде қара судың бағасының өзі әдеттегі дүкендерден 2-3 есе қымбат. Осыдан кейін тағамдардың құнын өзіңіз бағамдай беріңіз, — деді ол.

Демек, бір күнінiздi «Шымбұлаққа» шаңғы тебуге арнағыңыз келсе, қалтаңызда кем дегенде 20 000 теңге болуға тиіс. Бұл тау бөктеріне жаяу көтерілетін болсаңыз ғана қажет болатын сома екенін ескеріңіз. Егер табиғатты биіктен тамашалап, Шымбұлаққа аспалы жол арқылы көтерілемін десеніз, қалтаңызды кампайтып баруға тура келеді. Қазіргі кезеңде «Шымбұлаққа» шаңғы тебу құны кемі 16 500 теңге, ал ең жоғары баға 22 500 теңгеден тұрады. Тариф құны тандалған абонемент түріне байланысты. Сөйкесінше, курортқа көтерілу құны да жеткізуге түріне қарай белгіленген. Аспалы жол арқылы көтерілу — 4 000 теңге, экотакси — 1 000 теңге, экобас — 800 теңге, женілдікке құқы бар әлеуметтік



ҚАЛТАНЫ ҚАҚПАЙ МА?

топ өкілдері үшін (зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі азаматтар және т.б.) билет құны — 400 теңге.

Демалушы тарапынан сервис сапасына қатысты айтылған негізгі сынның бірі — аспалы жолдағы кезек мәселесі. Шаңғы және сноуборд тебушілер курорттағы табиғат көрінісін тамашалауға келген туристермен қатар бір аспалы жолға кезекке тұруға мәжбүр. Соның салдарынан сырғанауға бөлінген уақыттан гөрі кезек күту ұзаққа созылады. Кейіпкердің пікірінше, егер сырғанауға келгендер мен туристер үшін бөлек кезек ұйымдастырылса, бұл мәселе біршама жеңілдер еді.

«ЕКІ ТҮРЛІ БАҒА БОЛҒАНЫН ҚҰПТАЙМЫН»

Одан бөлек, қауіпсіздік мәселесіне тоқталған демалушы шаңғы мен сноуборд тебушілер үшін арнайы трасса қарастырылса екен дейді. Кейіпкерімiздiң сөзiнше, мұндай оқыс оқиғалар көпшілікке жария етілмегенімен, соқтығысу, жарақат алу секілді жағдайлар жиі кездеседі.

— Демалыс орнында бір күнде қабылданатын адам санына шектеу жоқ. Соның есебінен сырғанауға арналған кеңістік тарыла түседі. Екінші жағынан, толассыз адам саны демалысқа жұмсаған қаражатынды ақтамай жатады. Курорттың тұрақты демалушысы ретінде жергілікті халық пен туристерге арналған екі түрлі прайс болғанын құптаймын. Біршама мемлекетте туристер мен жергілікті халыққа арналған жеке бағалар бекітілген. Өкінішке қарай, бізде мұндай тәжірибе әлі ескерілмеген, — деген ұсынысын жеткізді А.Ғалымзат.

Таяуда біз осы және өзге де түйткілдерге қатысты көкейдегі сауалдарымызды «Шымбұлақ» тау курортының бас директоры Ринат Әбдірахмановқа жолдадық. Демалыс орнының басшысы бізге берген жауабында осыған дейін курорт әкімшілігі жергілікті және шетелдік туристер үшін бөлек тарифтер енгізу мәселесін қарастырғанын, алайда талдау нәтижелері көрсеткендей, қазіргі кезеңде бөлек тарифтер енгізу курорттың, Алматы қаласының және Қазақстан Республикасының мүддесіне сәйкес келмейтінін мәлімдеді. Оның басты себебін Ринат мырза мынадай фактормен байланыстырды:

— Біріншіден, бірыңғай тариф — әділеттілік пен ашықтық қағидатының көрінісі. Shymbulak — Қазақстан Республикасының Конституциясы мен өзге де заңдары аясында жұмыс істейтін, отандық және шетелдік туристерге есігі әркез ашық, қонақжай кеңістік ретінде танылған, халықаралық стандарттарға сай курорт. Конституцияның 12-бабының 5-тармағына сәйкес, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар республика аумағында ел азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға, сондай-ақ Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, бірдей міндеттерді орындайды. Осыған ұқсас норма «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» заңның 3-бабы 1-тармақшасында да бекітілген. Аталған нормаға сәйкес, шетелдіктер Қазақстан Республикасында өз азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға әрі Конституцияда, заңдарында және ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, бірдей міндет-

терді орындайды. Сондықтан курорт жергілікті және шетелдік туристер үшін бөлек тарифтер енгізу моделі Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтардың теңдігі қағидатына сәйкес келмейді деп санайды, — деп түсіндірді.

Бұдан өзге Ринат Әбдірахманов тағы бір мәселенің шетін шығарды. Ол Қазақстанның туризм саласындағы нарықтық жағдайы әлемдегі танымал туристік бағыттармен салыстыруға келмейтінін, елдегі тау-шаңғы курорттарына келетін шетелдік туристер саны әлі де болса аз екенін түйреп өтті. Түптеп келгенде, бұл шетелдіктер үшін жоғары тарифтер енгізу айтарлықтай табыс әкелмейтінін, керісінше, қонақтардың қызығушылығын азайтуы мүмкін екенін көрсетеді. Директордың ресми жауабына сүйенсек, қонақтарды азаматтығына қарай бөлу кемсітушілік ретінде қабылданып,

Одан бөлек, қауіпсіздік мәселесіне тоқталған демалушы шаңғы мен сноуборд тебушілер үшін арнайы трасса қарастырылса екен дейді. Кейіпкеріміздің сөзінше, мұндай оқыс оқиғалар көпшілікке жария етілмегенімен, соқтығысу, жарақат алу секілді жағдайлар жиі кездеседі.

курорттың, Алматы қаласының және жалпы Қазақстанның туристік бағыт ретіндегі имиджіне теріс әсер етуі ықтимал. Сонымен бірге Ринат мырза қала тұрғындары мен туристер үшін бөлек баға саясатын енгізу ішінара заңсыз әрекеттердің жүзеге асуына жағдай жасауы мүмкін дейді.

— Шетелдік және қазақстандық қонақтарға бөлек тарифті енгізу ескегелен келушілер тарапынан теріс мақсатта пайдалануға, оның ішінде билеттерді немесе скипасстарды үшінші тұлғаларға қайта сату немесе заңсыз беру жағдайларына әкеп соғуы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, билеттер айналымының ашықтығын төмендетіп, олардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қиындатады. Алыпсатарлардың кесірінен туатын жағымсыз жайттардың көп болуы «Шымбұлаққа» халықаралық туристік дестинация ретінде қызығушылықтың азаюына алып келуі мүмкін. Тарифтерді азаматтық бойынша бөлу — нарық қағидаттарына сай емес. Сондықтан ол қолайлы инвестициялық әрі туристік ахуал қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік саясатқа қайшы келуі ықтимал, — деді ол.

Журналист Сая Манарбекқызы «Шымбұлақ» демалыс орнының тариф құны жыл сайын қымбаттап бара жатқанын, салдарынан қарапайым тұрғындар үшін қолжетімсіз демалыс түріне айналғанын хабарлаған еді. Ол бағаның бұлай шарықтауын қосымша құн салығының өсуімен байланыстыру қисынсыз

екенін айтады. Журналистің сөзінше, 2025 жылы аспалы жолмен жоғары көтерілу құны 10 800 теңге болған, ол кезде ҚҚС (НДС) мөлшерлемесі 12 пайыз еді. Ал 2026 жылдан бастап ҚҚС 16 пайызға көтерілгенімен, баға 4 пайызға емес, шамамен 25 пайызға өскен. Мұндай баға саясаты қаншалықты әділетті? Тариф құнын белгілеуде басшылық қандай факторларға сүйенеді? Ринат Әбдірахманов дәл осы сауалдарымызға қатысты берген жауабында бағаның өсуі жалғыз ҚҚС-ға емес, өзге де факторларға тәуелді екенін алға тартты.

— Аспалы жолға төленетін билет құнын есептегенде қосымша құн салығын ғана емес, инфляция деңгейін, шетелдік валютаға сатып алынатын жабдықтардың қымбаттауы, қауіпсіздікті қамтамасыз ету шығындарының өсуі секілді факторларды есепке алу орынды болмақ. Былғы маусымда аспалы жолмен бір бағытка көтерілу акысы — 4000 теңге. Ал екі бағыттағы билет құны — 8000 теңге. Аталған билет «Медеу-Шымбұлақ-Медеу» бағытына ғана емес, сондай-ақ «Комби 1» және «Комби 2» бағытына барып қайтуға мүмкіндік береді, — деді Р.Әбдірахманов.

Бас директордың дерегінше, бірнеше жыл бойы «Шымбұлақ» тау курортында скипасстардың құнында өзгеріс болмаған. Тарифтерге түзету тек 2024-2025 жылғы маусымда енгізіліпті.

— Билет бағасы биік таулы инфрақұрылымды пайдалану, аспалы жолдарға қызмет көрсету, техниканы жанарту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету шығындарымен тікелей байланысты. Былғы өзгерістер инфляцияның, ҚҚС мөлшерлемесінің өсуін және еуроға сатып алынатын импорттық жабдықтардың қымбаттауын толық өтемейді. Ал скипасстардың құнына арқан жолмен көтерілу және түсу де кіреді. Яғни, сырғанауға келген қонақтар арқан жолға бөлек билет алып, шығынданбайды, — деді ол.

АЛМАТЫ ӘКІМДІГІ БАҒАНЫ РЕТТЕЙ АЛМАЙДЫ

Еске салсақ, осыған дейін Алматы қаласы Туризм басқармасы «Шымбұлақтағы» баға өсіміне қатысты dalanews.kz сайтына берген жауабында демалыс орнындағы бағаны реттей алмайтынын ашып айтқан еді. Ведомствоның дерегінше, Алматы қаласындағы негізгі туристік нысандар жекеменшікке тиесілі болғандықтан, мемлекеттік органдар олардың ішкі жұмысына тікелей араласа алмайды. Себебі жекеменшік туристік нысандардың баға саясаты сол мекеменің ішкі коммерциялық шешіміне байланысты қалыптасады.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тарқатсақ, әзірге демалыс орнындағы сервис құнын белгілеуге немесе бақылауға ресми органдар ықпал ете қоймайды. Сондықтан таза ауамен тыныстап, табиғат аясында демалыс өткізуді қалаған тұрғындар сұраған соманы төлеуге мәжбүр. Егер қалтаңыз көтермесе, балама нұсқаларды қарастырып көруден өзге амал болмай тұр...

«ШОЙҚОРЫҚ» ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ШЫРЫЛЫ

Кейінгі жылдары Тараз қаласының аумағы кеңейіп, жақын маңдағы елді мекендер шаһар шекарасына кіріп жатқанынан бұққара хабардар. Нәтижесінде, Жамбыл мен Байзақ ауданындағы ауыл ағайындары бір-ақ күнде қалалық болып шыға келді. Бұл көне Тараз тұрғындарының санын еселеп арттырып, Әулиеата мен Жібек жолы аудандарының құрылуына тікелей әсер етті. Әрине, қала аумағына жаңа елді мекендер кіргеннен кейін түйіні тарқамаған түйткілдердің көп болатыны түсінікті. Алайда «шойқорықтық» тұрғындардың мәселесі өз алдына бір бөлек. Мұндағы жұрт өркениет көші өрге жылжыған заманда қарапайым электр жарығына зар болып отыр.

АСаятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Өңімінен әлқиссасын әріден бастасак, бұрын Жамбыл ауданына қарасты болған «Шайқорық» алабы бүгінде Әулиеата ауданына қарайды. Мұнда барлығы 3541 тұрғын тұрып жатса, 24 көшенің 5-і асфальтталмаған. 19 көшеге жарық орнатылмаған. Түн қараңғысында көшемен жүру қиын болғаны былай тұрсын, тұрғын үйлердің өзіне жарық тұрақсыз беріліп, жұртшылықтың жанайқайын туғызып отыр. «Шайқорықтықтардың» айтуынша, жарық құнына екі-үш рет өшіп, ұзақ уақытқа дейін қосылмайды. Жарықтың жиі сөнуге тұрмыстық техникалардың бұзылуына да себеп болып жатқан көрінеді.

— Электр жарығының жиі сөнуге тұрғындардың тұрмысын қиындатуда. Ша-

малы жел соқса болды немесе ауа райы бұзылса, жарық өшіп қалады. Жөндеу жұмыстары кейде 1-2 күнге дейін созылып кетеді. Жарықпен бірге мобильді байланыс та өшетіндіктен, ата-аналар баларының мектептен аман-есен қайтқанын біле алмай алаңдаулы отырады. Оған қоса, электр жарығы болмағаннан кейін балалардың сабағы оқылмай, одан қалса кешкі асты дайындау сынды дүниелер тұралайды. Жарық болмағаннан кейін ғаламтор да істемей, кешкілік үйде жұмыс істеу мүмкін емес. Сондай-ақ жарықтың жиі өшуінен тұрмыстық техникалар да бұзылуда. Бұдан бөлек, ауызсу мәселесі де өзекті. Орталықтандырылған ауызсу жүйесінде сорғы жеткіліксіз болғандықтан, тұрғындар жиі сусыз қалады. «Билік өкілдерінен сұрасақ, «жөндеу жүргізіліп жатыр» деген жаттанды жауапты естіміз. Ауызсу мәселесінің қашан біржақты ше-

шілетінін де білмей отырмыз», — дейді ауыл тұрғыны Күндызай Берікова.

Тағы бір түйткіл — «Шайқорық» алабында тұрғын үйлерден бөлек, көшелерінде де жарық жоқ. Кешке мектептен қайтатын балалар үшін бұл қауіпті. Себебі көше қараңғы болғаннан кейін қанғыбас иттердің қайдан шыға қаларын білмейсін. Оған қоса, көлік те көп жүреді. Осы мәселелерге жергілікті билік өкілдері назар аударып, қашан нақты шешімін табатынын ашып айтпай отыр екен.

Иә, шынында, қалаға кіретін аумақта мұндай олқылықтардың болып жатқаны күн көретін дүние емес. Түйткілдердің түйіні неге тарқамай жатқанын білмек мақсатта Әулиеата ауданы әкімдігіне қайырылдык.

— Аталған мәселелер бойынша әкімдік толықтай хабардар. Кенестік кезеңнен бері электр желілерінің ешқайсысы бұл алапта ауыстырылмаған. Бір-біріне жалғанып тұр. Сондықтан түйікталған сымдарда ақаулар жиі орын алууда. Жарық мәселесіне қатысты «Тараз қалалық электр желілері» мекемесіне сұраныс хат жіберді. Алайда олар «Шайқорық» алабының электр сымдарын жанарту тек 2027 жылдың жоспарына еніп отырғанын, сол кезде ғана ауыстыра алатындықтарын айтауда. Ал көше жарықтандыруына келетін болсақ, биыл Б.Сабаев, Абай, Телеу,



Желтоқсан, Д.Қонаев көшелерін жарықтандыру жоспарға енгізіліп отыр, — деді Әулиеата ауданы әкімінің орынбасары Медет Нұрмашанов.

Осылайша, «Шайқорық» алабында жарық мәселесі біржақты шешілмейтіні анық болып тұр. Тұрғын үйлерге 2027 жылға дейін арагділік жарықсыз күнелтуге тура келеді. Ал көше жарықтандыруын билік өкілдері быша қоспарлапты. Тек ол да қаржы тапшылығына байланысты кейінге қалып кетпесе болғаны.

Ауызсу мәселесіне келер болсақ, билік өкілдері бір байламды жауап айта алмауда. Себебі құбыр ауыстырып, сорғы орнатуға

да қыруар қаржы керек. «Шайқорық» алабында көшеге ілінген билбордтардың өзі де жанартуды қажет ететінін байқайды. Әлі күнге кенестік кескіннен арыла алмай келе жатқан жарнамалық тактайшалар бар.

Әрине, мұның бәрі талқылауды емес, тез арада нақтылауды қажет ететін дүниелер. Себебі «Шайқорық» алабы Тараз қаласының бір бөлігіне айналғандықтан, мұндағы мәселелер де қала деңгейінде шешілуге тиіс. Сондықтан жауаптылар «Шайқорық» алабының жағдайын жылдарға созбай, жақын арада кезең-кезеңімен болса да, жақсартуды деп сенеміз.

«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» филиалы, БСН 110941009767, Павлодар облысында, Май ауданы, Баскөл ауылында орналасқан 182 171,92 текше метр (278 905,26 тонна) көлемінде өзен (құрылыс) құмын бағаны төмендеуге аукцион тәсілімен сату

бойынша №429861 сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлайды. 1 тоннаның бағасы 956 теңге, жалпы сомасы ҚҚС қоспағанда 266 633 428,56 теңге. Аукционның басталу күні мен уақыты — 2026 жылғы 12 ақпан күні сағат 10:00-де. Өтінімдер мүлкіті сату бойынша электрондық сауда-саттық ақпараттық жүйесінің <https://payda.e-qazyna.kz> веб-порталы арқылы қабылданады.



Ara Studios-тан басталған аниматорлық жұмыс кейін Khan Comics, Orda Animation, Tasqyn Studio және Dala Animation студияларында да жалғасқан. Мақсат Аяпов ішкентай көрерменді қуантқан «Шырақ», «Сәби», «Еркетай», «Кенже қыз» және өзге де анимациялық туындыларды жасауға қатысқан. Режис-

негізгі идеясы — кейіпкерлер арасындағы қактығыс емес, прогрессивті және ескірген түсініктер арасындағы қактығыс болмақ, — делі режиссер М.Аяпов.

Мультфильмде көтерілетін ересектерге арналған тақырыптар — жауапсыздық пен салғырттық. Ересек өмірде жауапкершілік, қиындықтар мен мәселелер көптеп туындайды. Аниматорлар оларға пәлсапалық тұрғыдан қарамасан, бұл тек сенің беделіңе ғана емес, сенің шешімдеріңе тәуелді адамдарға да зиян тигізуі мүмкін екенін айтады. Анимация саласында 6 жылдан астам тәжірибесі бар маман қазақ мультипликациясы белгілі шеңберден шығуы үшін жана бағыт пен жана жанрдың керек екенін алға тартып, көрерменнің жас ерекшелік аудиториясын кеңейткісі келетінін атап өтті.

— Мен анимацияға бала кезімнен қызықтым, бірақ ол кезде бұл мен үшін жай әуестік болатын. Бір күні мамандығыма айналуы мүмкін деп

Kolenke —

ЕРЕСЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН АНИМАЦИЯ

Мультфильм тек балаларға арналған деу — қате түсінік. Өйткені жас шектеу жағынан да, айтар ойы мен мазмұн жағынан да ересектерге арналған анимациялар бар. Бұл туралы айтқан кезде ойымызға бірден шетелдік анимелер келеді. Ал 60 жылға таяған қазақ анимациясында мұндай туындылар бар ма? Жақында ересектерге арналған мультфильмнің жарыққа шығатыны туралы сүйіншілеген режиссер әрі 2D-аниматор Мақсат Аяповтың пилоттық жобасы осы уақытқа дейін қалыптасқан қазақ мультипликациясына тың жаңалық алып келді.

Сымбат БЕГІМБАЙ

Былтыр жыл соңында соңында «Қазақ-анимация» шығармашылық бірлестігі мульт-сериалдардың пилоттық жобаларына арналған тизерлерді, анимациялық қысқаметражды фильмдер мен студенттік жұмыстарды көрермен назарына ұсынған еді. Әрқайсысы түрлі визуалдық шешімдерімен көзге түскен. Мұндағы жеті жобаның барлығы 2D анимация форматында жасалмақ. Сонымен қатар туындылар жанрлық және жас ерекшелігі бойынша жасөспірімдерге арналған лирикалық драмедиден бастап криминалдық мистикаға дейінгі тақырыптарды қамтиды. Олардың ішінде жанры жағынан қазақ анимациясына жана леп әкелетін Kolenke мультсериалдық пилоттық жобасы. Ерекшелігі, бұл 18 жастан асқан асқан көрерменге арналған. Автордың сипаттауынша, жоба — ересектер қорқынышын бейнелейтін, жеке шешімдердің салдарынан туындаған қорқыныш және сол жауапкершіліктен қашу туралы хикая. Мұндай бағыттағы мультфильмдер бұған дейін түсірілмеген. Десе де, көрерменге ересектер үшін түсірілген анимациялар қатарында «Персиполис», «Қызыл тасбақа», «Рик пен Морти» сияқты тағы бірқатар атаулар таныс. Өкініштісі, мұның бәрі шетелдік өнімдер. Ал Kolenke-нің негізгі жанры — криминал, мистика. Мақсат Аяпов анимацияның «Көленке» деп аталуы да бекер емесін түсіндіріп берді.

— Жалпы, қазақ қоғамында ересек өмір жауапкершілікпен бетпе-бет келетін кезең деп сипатталады. Бұл жолда кезіккен қиындықтарда дұрыс шешім қабылдай алмасаң, салдары өзіненбөлек, айналандағы адамдарға да зиян тиеді. Таңдаудың салмағы ауырлай түсетін осындай сәттерде адам өз қателігімен, қорқынышымен жалғыз қалады. «Көленке» атауын беруіміз де бекер емес. Бұл сөз туындының атмосферасын толық ашып тұр. Артық детальға бармай-ақ қояйын, бірақ оқиға басынан аяғына дейін түн мезгілінде өрбиді. Қараңғылық — тек уақыттың белгісі емес, ол кейіпкерлердің ішкі күйін, шешім қабылдауда тәуекелге бара алмауды үрейді, жауапкершіліктен қашқан жанның жан дүниесіндегі көленкелі ойларды бейнелейді, — деді ол.

сердін айтуынша, жана жобаның мазмұны бастапқыда мүлде басқа болған. Қазақтың қорқынышты аңыздары мен әңгімелерінен тұратын антология жасауды жоспарлап, әр бөлім бір-бірімен байланыспайтындай жеке оқиғаны баяндайтын еді. Алайда оқиғалардың өздігінен өрбуіне мүмкіндік берген авторлар жұмысын да қызықтыра түсіпті. Kolenke-нің сюжеті үш сәтсіз қылмыскер туралы баяндайды. Олар кездейсоқ адам өліміне қатысты әрекет жасап, мистикалық кейіпкер Жалаңкөз кемпірді ренжітеді де, өздеріне қарғыс тартады. Қарғыстан құтылу үшін оларға орман рухының басын келесі ай толғанға дейін қасиетті бұлаққа жеткізу керек болады. Осылайша, оқиға күрделене түседі. «Қазақанимация» студиясы



Мультфильмде көтерілетін ересектерге арналған тақырыптар – жауапсыздық пен салғырттық. Ересек өмірде жауапкершілік, қиындықтар мен мәселелер көптеп туындайды. Аниматорлар оларға пәлсапалық тұрғыдан қарамасаң, бұл тек сенің беделіңе ғана емес, сенің шешімдеріңе тәуелді адамдарға да зиян тигізуі мүмкін екенін айтады.

белгілі уақыт аралығында үздік пилоттық жобаны анықтауға арналған питчинг жариялап отырады. Сол жолғы іріктеу Kõr Studio аниматорларның бағын ашты. Сөйтіп, Kolenke идеясы «Қазақ-анимация» питчингінде өңделіп, дамыды деуге негіз бар.

— Kõr studio — осыдан бір жыл бұрын үш достың ашқан анимациялық студиясы. Үшеуіміз бар тәжірибемізбен алға талпындық. Сөйтіп, осындай пилоттық серияға дайын екенімізді дәлелдедік. Kolenke жобасы арқылы біз бүкіл Қазақстанға мультфильмдер тек балалар мен жасөспірімдерге арналмағанын көрсетуге ниеттіміз. Мұндай идеядағы жобалар шетелде бұрыннан бар. Мақсатымыз — әртүрлі жанрдағы және әртүрлі аудиторияға арналған анимация жасау. Менің ойымша, біздің мультфильмнің

Сондықтан анимация кейіпкерлерін өміршен таңдалып, мінез-құлқытары шынайылыққа жақындай түседі. Жеті жаңа пилоттық анимациялық жобаларды жүзеге асырылып жатқандықтан, кадр тапшылығы сезілмей қоймайды. Кейбір аниматорларға бірнеше жобаны қатар алып жүруге тура келеді. Kolenke мультсериалының жарыққа шығуы үшін ТМД елдерінен арнайы шақырылған мамандар да бар.

Қысқаметражды анимациялық фильмнің жасалу уақыты ең алдымен команданың мүмкіндігі мен туындының хронометражына тікелей байланысты. Мәселен, «Шырақ» анимациялық фильмі 24 минуттық форматта түсіріліп, қателеспесем, оны жасауға екі-үш жылдай уақыт кеткен. Ал Kolenke небәрі 8 минуттық қысқаметражды фильм болғанымен, ықшам формат пен нақты жоспардың арқасында шамамен бес айдың ішінде жарыққа шықты. Бұл мысалдар анимацияда уақыт көлемі тек идеяға ғана емес, оның ауқымы мен оны жүзеге асыратын шығармашылық топтың үйлесіміне тәуелді екенін айқын көрсетеді. Қазір қысқаметрлі анимация болып дайындалған пилоттық жоба алдағы уақытта мультсериал болып жалғасуы әбден мүмкін.

— Егер жоба сериал форматына өтсе, кемінде он сериядан тұрады. Өйткені дәл осындай уақыт аралығында кейіпкерлердің болмысы мен хикаяның желісі толық ашылады. Ал барлық серияны өндіру мәселесі бюджет пен команданың мүмкіндігіне тікелей байланысты. Министрліктің талаптарына сәйкес, қателеспесем, сериалды бір жылдың ішінде аяқтау қажет, — деді автор.

Продакшн кезеңінде жобаға 40-тан астам аниматор тартылып, олардың бірлескен еңбегі арқасында туындыны уақытында әрі сапалы жасауға мүмкіндік туды.

ТҮЛЕКТЕРГЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАЛДЫ

23 қаңтарда С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің бас ғимаратында «Стратегиялық менеджмент» бағыты бойынша Executive MBA (EMBA) бағдарламасы түлектеріне диплом тапсырудың салтанатты рәсімі өтті.



Аталған салтанатты шараға бағдарламаны табысты аяқтаған өндірістік кәсіпорындардың басшылары, агробизнес өкілдері, кәсіпкерлер, сондай-ақ мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың мамандары қатысты. Executive MBA бағдарламасы стратегиялық ойлауды дамытуға, басқарушылық құзыреттерді күшейтуге және шешім қабылдаудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Салтанатты рәсім барысында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің басқарма төрағасы — ректор, ҚР ҰҒА академигі Қанат Тіреуов түлектерді құттықтап, Executive MBA бағдарламасының ел экономикасы мен кәсіпкерлік саласын дамытатын білікті басқарушы кадрларды даярлаудағы маңызын атап өтті.

— Бүгінгі Executive MBA дипломдарын табыстау — бұл білім беру кезеңінің аяқталуы ғана емес, білімді капиталға, идеяны нәтижеге, ал басқарушылық шешімдерді тұрақты даму тетігіне айналдыра алатын қабілеттің дәлелі. Бағдарламаны сәтті аяқтаған түлектерді шын жүректен құттықтай отырып, бағыл шешімдер, кәсібі өсім және ел дамуына елеулі үлес қосуды тілеймін, — деді университет ректоры.

Оқу барысында Executive MBA бағдарламасының тыңдаушылары стратегиялық менеджмент, қаржы, көшбасшылық, операциялық басқару, агробизнес экономикасы және басқа да негізгі пәндер бойынша білім алып, оларды нақты басқарушылық және кәсіпкерлік тәжірибеде қолдануға мүмкіндік алды.

Университет басшылығы ғылым, өндіріс, аграрлық сектор және кәсіпкерлік арасындағы өзара байланысты дамыту оқу орнының стратегиялық басым бағыттарының бірі екенін атап өтіп, Executive MBA түлектерінің бұл үдерісте маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

Диплом тапсыру рәсімі түлектердің кәсіби өміріндегі маңызды кезеңге айналып, олардың басқарушылық әлеуеті мен көшбасшылық бастамаларын іске асыруына жана мүмкіндіктер ашты.

ФОРТЕПИАНО МУЗЫКАСЫНЫҢ КЕШІ ӨТТІ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрі көрерменге фортепиано музыкасының кешін ұсынды.



Концерттік бағдарламада Д.Шостаковичтің №2 концерті, С.Рахманиновтың таңдамалы прелюдиялары және А.Скрябиннің этюдтері орындалды.

Музыка кешінде Ресей және Башқұртстанның Халық әртісі, П. Чайковский атындағы және Лидтегі беделді халықаралық байқаулардың лауреаты — Владимир Овчинников, Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, Гнесиндер атындағы Ресей музыка академиясының профессоры, беделді халықаралық конкурстардың жеңімпазы және мәртебелі Steinway Artist атағының иегері Юрий Богданов өнер көрсетті.

Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрі 1991 жылы әлемге әйгілі скрипкашы, Қазақстан Республикасының Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері, профессор, оркестрдің көркемдік жетекшісі Айман Мұсахаджаеваның бастамасымен құрылды.

AIQYN Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың Бірінші орынбасары Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі	АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklama.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(717) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқының» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Тапсырыс №4696 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Муканов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
--	---	--	--	--